

МҮГЕДЕКТЕРГЕ МҰҚИЯТ ҚАРАЙЫҚ

7-БЕТ | МӘСЛИХАТ



ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚЫСПАСЫН

8-БЕТ | ҚОҒАМ



ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ

10-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

“

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ:

БІЗ ТАРИХ ТҰРҒЫСЫНАН АЛҒАНДА ҚЫСҚА МЕРЗІМ ІШІНДЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫҚ. ТҰҒЫРЫ БЕРІК, ЭКОНОМИКАСЫ ҚУАТТЫ, БЕДЕЛІ БИІК МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫҚ. МҰНЫҢ БӘРІ, ЕҢ АЛДЫМЕН, ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ КӨРЕГЕН САЯСАТЫНЫҢ ЖЕМІСІ. СОНЫМЕН БІРГЕ, БҮКІЛ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІНІҢ НӘТИЖЕСІ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№147
(4271)
Сейсенбі
14 желтоқсан
2021 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОКТЯБРЬДІ БӨКЕЙХАН АЛМАСТЫРДЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында қаймана қазақты қуантқан жаңалық болды. Қаншама жылдар бойы атауы өзгермеген Қарағандыдағы Октябрь ауданына Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның есімі берілді.

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен өткен облыстық мәслихаттың кезекті IX сессиясында Октябрь ауданын Әлихан Бөкейхан атындағы аудан деп өзгерту туралы облыс әкімінің қаулысы мақұлданды. Алаш ардақтысының есімін берерден бұрын аудандағы аулалар абаттанып, жаңа әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Өнеркәсіп нысандары ашылып, жаңа жұмыс орындары пайда болды. Майқұдықтағы тасжол жөнделді. Осылайша аудан халқының әлеуметтік мәселелері шешілуде.



БІЗДІҢ ЖЕТІСТІГІМІЗ – ОРТАҚ ЖЕҢІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсыруға арналған салтанатты рәсімге қатысты. Ол өз сөзінде салтанатты жиынға қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, бұл мерекенің ұлт мерейін өсіретін ұлық мейрам екенін атап өтті.

2

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ – 30 САҒАТ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында «Orda FM» радиосы елорда әкімдігінің қолдауымен 30 сағат бойы тікелей эфир жүргізуді бастады.

«Бәйтерек» монументінде орнатылған көшпелі студиядан хабар тарату кеше сағат 14.00-де мәресіне жетті. Бұл үздіксіз радио эфир ұзақтығы бойынша «Қазақстанның рекордтар кітабына» жаңа рекорд болып тіркелетін оқиға болды. Студия қонақтары ҚР тәуелсіздігінің қалыптасуына үлес қосқан белгілі мәдениет, өнер, спорт, музыка қайраткерлері өздерінің естеліктері мен лебіздерін айтты. Эфирге қатысушылар қатарында Серік Сәпиев, Алтынай Жорабаева, Аргоня, Салтанат Серкебаева, Алексей Лодочников, Индира Жандашова, Дос, Мұхит Тұрсынов және басқа да танымал тұлғалар бар.



МЕРЕКЕЛІК МӘЗІРЛЕР

Осы аптада ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай елордада 40-тан аса мәдени іс-шара өтеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 40-тан аса көрмелер, спектакльдер, дәрістер, концерттер мен байқаулар, офлайн және онлайн режимде іс-шаралар ұйымдастырылады. Мереке күндері елордалықтар мен қала қонақтары үшін әдеби-рухани тақырыптағы қойылымдар мен іс-шаралар ұсынылады.

12-БЕТ

ДУЛЫҒАНЫ ТАПСЫРДЫ

Кеше Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғысының қаһарманы Бөгенбай батырдың дулығасын музей қорына тапсыру салтанаты өтті.

Торғай өзенінің жағасында, қазіргі Ақмола облысының Ерейментау ауданында дүниеге келген батыр қайтыс болған соң, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленді.

Оның қару-жарағы және ұстаған заттары үш ғасыр бойы ұрпақтарында қасиетті жәдігерлер ретінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілді. Ал музейге тапсырылған дулыға осыған дейін Ерейментау ауданы Малтабар ауылының тұрғыны, Бөгенбай батырдың жетінші ұрпағы Жабай Кенжалиннің қолында болды.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫ



Осыдан тура жиырма жыл бұрын, 2001 жылдың 15 желтоқсанында «Астана ақшамы» газетінде (№156-157) белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Ербол Шәймерденұлының «Азаттық» атты эссесі жарық көрді. Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі мен мәслихатының қаулысымен көрнекті тұлғаның атына көше берілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойында қаламгердің сол мақаласын қайта басуды жөн көрдік.

4-БЕТ

ЕЛОРДАДА – ЕЛШІЛЕР



Биыл ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Осыған орай, «Astana aqshamy» газетінің «Елордада – елшілер» атты арнайы айдарымен елордамыздағы шетелдік дипломатиялық корпус басшыларымен ашық сұхбаттар сериясын жалғастырамыз. Бүгінгі кейіпкеріміз – Армения Республикасының Қазақстандағы елшілігінің төтенше өкілі және өкілетті министрі, уақытша сенімді өкілі Артур МАНАСЕРЯН.

5-БЕТ

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі



БІЗДІҢ ЖЕТІСТІГІМІЗ – ОРТАҚ ЖЕҢІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Біз тарих тұрғысынан алғанда қысқа мерзім ішінде жаңа Қазақстанның негізін қаладық. Тұғыры берік, экономикасы қуатты, беделі биік мемлекетке айналдық. Мұның бәрі, ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының жемісі. Сонымен бірге бүкіл халқымыздың ерен еңбегінің нәтижесі. Кез келген халықтың табысқа жетуі азаматтарына байланысты. Бұл – өмірдің заңы. Адам капиталы мықты мемлекет барлық қиындықты еңсере алады. Тәуелсіздік кезеңінде халқымыз елдіктің бірегей үлгісін көрсетті. «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтылмаған. Шын мәнінде, біздің бүгінгі жетістігіміз – барша халқымыздың ортақ жеңісі. Жаңа Қазақстанды өркендетуге азаматтарымыздың көбі сүбелі үлес қосты. Бүгінгі мерейлі сәтте еліміздің барша азаматтарына табанды еңбегі үшін зор алғыс айтамын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы көпғасырлық мемлекеттілігіміздің маңызды кезеңі және заманауи Қазақстан жылнамасындағы айтулы белес екеніне тоқталды. Оның айтуынша, осы жылдар ішінде еліміз зор жетістіктерге қол жеткізген, күрделі сын-қатерлерді еңсерген үлкен жолдан өтті.

«Ел азаматтарының басым көпшілігі өздерінің қажырлы еңбегімен қуатты әрі дамыған мемлекет құру ісіне елеулі үлес қосып келеді. Бүгін өздеріңізді марапаттай отырып, Қазақстанды көркейтуге үлес қосқан барлық азаматқа ризашылық білдіреміз. Сіздер нағыз отаншылдықтың, кәсіби білік пен адал еңбектің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Өскелең ұрпақ өздеріңізге қарап бой түзейді. Осыдан бір жыл бұрын мен үлкен мерейтойды шусыз, даңғазасыз, ысырапсыз нақты жұмыстармен атап өту қажеттігі туралы айттым. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында жаңа, ауқымды реформалар қолға алынды. Сондықтан бұл жылды нәтижелі болды деуге толық негіз бар. Біз экономиканы және әлеуметтік саланы жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Індетке қарамастан, мемлекет отандық бизнеске қолдау көрсетуде» деді Мемлекет басшысы.

«Мемлекеттік басқару жүйесінде ауқымды өзгерістер болды. Мен халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған 10 ұлттық жобаны бекіттім. Қоғамдық-саяси салада елеулі өзгерістер жасалуда. Мен ұсынған саяси реформалар топтамасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Біз Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткіздік. Биыл маусым айында адам құқықтары саласындағы алдағы шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат құқық қорғау саласын кешенді түрде жаңғыртуға бағытталған. Қоғамдық диалогты біртіндеп дамыту үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. Мұның бәрі азаматтарымыздың шешім қабылдау және мемлекеттік басқару ісіне белсене қатысуына жол ашады. Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділетті қоғам құру. Бұл стратегиялық бағыт өзгермейді. Алдымызда халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру, қасиетті тәуелсіздігімізді нығайту жөніндегі ауқымды міндеттер тұр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Парламенттің қос палатасының төрағаларына, Премьер-министрге және Мемлекеттік хатшыға Тәуелсіздік күні қарсаңында жергілікті тұрғындармен кездесу үшін аймақтарға барып, еңбегімен ерекшеленген азаматтарға мемлекеттік наградалар табыстау жөнінде берген тапсырмасы туралы айтты.

– Бүгін бір топ қайраткеріміз менің Жарлығыммен мемлекеттік марапатқа ие болды. Биыл еліміздің ең жоғарғы атағы көрнекті жазушы, драматург Әкім Таразиге берілді. Ол руханиятымызды дамытуға және қоғамдық келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосып, «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Көрнекті қаламгердің шығармашылық жолы жас ұрпаққа қашан да үлгі-өнеге.

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Көпбейінді медицина орталығының» директоры Мұхтар Төлеутаев «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Ол басқаратын аурухана ұжымы пандемия басталғаннан бері коронавирус жұқтырған 15 мың адамды емдеп шығарды. Қатерлі ісікке шалдыққан жандарға осы мекемеде былтыр 3 мың ота жасалды, 8 мың адам науқасынан айықты. Осы орайда, дәрігерлеріміздің еңбегі қандай құрметке де лайық.

Бүгін еңбек ардагері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков пен танымал ақын Ақұштап Бақтыгереева және көрнекті жазушы Сәбит Досанов «Отан» орденімен марапатталатын болды, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы тағы басқа көптеген азаматтарға мемлекеттік марапаттар тапсырды.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джозеф Байденге көңіл айту жеделхатын жолдады. Мемлекет басшысы Кентуккидегі жойқын дауылдың салдарынан АҚШ-тың бірнеше азаматының қаза болғаны туралы хабарды ауыр күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

«Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан жақындарынан айырылған отбасыларға қайғырып көңіл айтамын. Табиғи апаттан зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін. Осындай қиын-қыстау сәтте достас АҚШ халқымен біргеміз және климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі жаһандық іс-қимылдарға қосыламыз» делінген Президенттің жеделхатында.

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысты. Нұрсұлтан Назарбаев салтанатты рәсімге қатысушыларды Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, бұл айтулы мереке ел жетістіктерінің жарқын символы екеніне назар аударды.

МАРАПАТТАР ТАПСЫРДЫ



«Қазақстан осы жылдар ішінде халқымыздың игілігі жолында ауқымды мақсаттарға ұмтылды. Біз еліміздің әлемде лайықты орын алып, мәртебелі мемлекетке айналуы үшін аянбай еңбек еттік. Ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманын ақиқатқа айналдыру ұлы миссиясы біздің буынға бұйырғанын мақтан тұтамын. Бүгін Президент Жарлығымен бір топ азамат марапатталды. Соның ішінде сіздер де барсыздар. Тәуелсіздік күні қарсаңында бұл наградаларды тапсыру – мен үшін үлкен мәртебе. Сіздер Қазақстанның дамуы мен гүлденуіне зор үлес қосып жүрсіздер» деді Елбасы.

Іс-шара барысында мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ бизнес қоғамдастығы өкілдері марапатталды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті «ВТБ Банкі» президенті – басқарма төрағасы Андрей Костиннің Қазақстан-Ресей қарым-қатынасын нығайту ісіндегі және екі елдің интеграциялық үдерістері аясында инвестиция-банк секторын дамытудағы еңбегін ерекше атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдету қажеттігіне тоқталып, бұл процестегі бизнес өкілдерінің айрықша рөліне мән берді.

Елбасы Астана және Қазақстан митрополиті Александрды марапаттап, конфессияаралық диалогты ілгерілетудегі, қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтаудағы Православ шіркеуінің маңызды рөлін атап өтті. Сонымен бірге Nur Otan партиясы төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбекке, Нұрсұлтан Назарбаев қорының атқарушы директоры Қ.Жұмабаевқа, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қ.Мәмиге, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Д.Исабековке, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы А.Айдарбаевқа, «А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Б.Баймахановқа, «Bazis-A» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы А.Беловичке, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі Ә.Тұрсыновқа, альпинист М.Әуезоваға мемлекеттік марапаттар тапсырылды.

«Сіздер әрдайым жаңа идеяларды тиімді жүзеге асырып келесіздер. Баршаңызға ел игілігі жолындағы жемісті қызметтеріңіз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Отыз жылда біз Қазақстанның ілгері басуы мен өркендеуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Бұл наградалар – сіздердің Қазақстан мен оның халқы алдындағы еңбектеріңіздің лайықты бағалануының нышаны» деді Тұңғыш Президент.

ЕЛБАСЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев пауэрлифтингтен спорт шебері, альпинист Мария Әуезовамен кездесті. Кездесуде Мария Әуезова Елбасыға қамқорлығы үшін және оның арманын орындап, бионикалық протез алуға көрсеткен қолдауы үшін алғысын айтты. Өз кезегінде Тұңғыш Президент спортшының мүмкіндігі шектеулі екеніне қарамастан Эвересті бағындыруға бел буған табандылығы мен өжеттігін атап өтті. «Кезінде мен де Абай шыңын бағындырдым. Бұл қаншалықты қиын екенін жақсы білемін. Сізге жарайсыз демекпін. Мұндай дүниелер адамдарға шабыт беріп, қанаттандыра түсері сөзсіз» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

***

Елбасы «ВТБ Банкі» президенті – басқарма төрағасы Андрей Костинді қабылдады. Кездесуде А.Костин Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, мемлекеттің қалыптасуындағы және дамуындағы Тұңғыш Президенттің еңбегі мен үлесін атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасының жоғары қарқынына және инвестиция-банк саласындағы ынтымақтастықты тереңдетудің маңыздылығына назар аударды. А.Костин банктің Қазақстандағы жұмысы мен инвестициялық қызметінің келешегі туралы айтып берді.

***

Елбасы жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабековпен кездесті. Кездесуде еліміздегі мәдениет саласының даму мәселелері талқыланды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Д.Исабековтің Қазақстанға сіңірген еңбегін атап өтіп, мемлекеттік марапатқа ие болуымен құттықтады. Өз кезегінде Д.Исабеков Нұрсұлтан Назарбаевқа мәдениет қызметкерлерін әрдайым қолдап келе жатқаны үшін алғыс айтып, ең басты мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

ҚАРЫЗЫ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Үкімет басшысы Асқар Мамин қазақстандықтардың проблемалық қарыздарын реттеудің жаңа тәртібі туралы мәлімдеме жасады.

«Қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға төлем жасау қабілетін қалпына келтіру және қарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындауын жалғастыру мүмкіндігін беру мақсатында биыл 24 мамырда заңнамалық түзетулер енгізіліп, 2021 жылғы 1 қазаннан бастап банктер және микроқаржы ұйымдары (бұдан әрі – МҚҰ) үшін азаматтардың несиелер бойынша проблемалық берешегін реттеудің бірыңғай және міндетті тәртібі енгізілді» деп түсіндірді А.Мамин осы мәселеге қатысты сауалға берген жауабында.

Премьер-министрдің айтуынша, енді қазақстандық банктер және МҚҰ қарыз бойынша мерзімін өткізіп алу орын алған сәттен бастап қарыз алушы – жеке тұлғаның өтініші негізінде қарыз алушының қаржылық жағдайына және әлеуметтік мәртебесіне жеке талдау жүргізу арқылы борышкердің проблемалық берешегімен жұмысты бастауға және қайта құрылымдау шараларын әзірлеуге міндетті. Қарызды қайта құрылымдау үшін мерзімі өткен берешекті реттеудің мынадай түрлері заңнамалық тұрғыдан белгіленді:

1) сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;

2) қарыз валютасын ұлттық валютаға өзгерту;

3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлеу мерзімін кейінге қалдыру;

4) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеудің кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басымдық тәртіппен өтей отырып, өзгерту;

5) қарыз мерзімін өзгерту;

6) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, қарызға қызмет көрсетуге байланысты тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және өзге де төлемдердің күшін жою.

Банк немесе МҚҰ қарызды қайта құрылымдау талаптары бойынша өтінішті қараудан бас тартқан немесе келісімге қол жеткізбеген жағдайда, қарыз алушы бір мезгілде кредиторды хабардар ете отырып, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне өтініш беруге құқылы.

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАҒА ИЕ БОЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай медицина қызметкерлерін, мұғалімдер мен жүргізушілерді мемлекеттік наградалармен марапаттады.



«Адами капитал – басты құндылық. Қалаға қарасты барлық ұйымдардың үйлесімді жұмысының нәтижесінде қаланың тыныс-тіршілігі қамтамасыз етіледі. Әр қызметкер қаланың одан әрі дамуына үлесін қосады. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай медицина қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар, инженерлер, машинистер және т. б. мемлекеттік наградаларға ие болды.

«Парасат» орденімен мұғалім Л.Алиева, «Ерен еңбегі үшін» медалімен учаскелік дәрігер-терапевт Г.Қалибекова, еңбек ардагері Б.Қасымбеков, жазушы О.Тұржан, «Шапағат» медалімен жедел медициналық жәрдем жүргізушісі Т.Вергунова және бірқатар медицина қызметкері марапатталды. Сондай-ақ мәдениет қайраткерлері «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды» деп жазды елорда әкімі.

Сонымен қатар III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Астана су арнасы» мекемесінің инженер-жылутехнигі М.Абдрахманов, №1 автопарк жүргізушісі К.Набиев, 2-ЖЭО аға машинисі Р.Тухватуллин, «Астана Тазалық» АҚ жүргізушісі Н.Қуанышев, «Астана қалалық жарық» АҚ автоэлектригі Ю.Чехко марапатталды. Сондай-ақ қала мен елдің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқандар III дәрежелі «Барыс» орденімен, ҚР құрмет грамоталарымен марапатталды.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АРҚАУ ЕТТІ

Елордада «Qazaqstan» орталық концерт залында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік – қасиетім, қастерлім!» атты республикалық ақындар айтысы мәресіне жетті. Бас жүлдеге Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі темір тұлпар тікті.



Аталған дүбірлі доданың әділқазы алқасына көрнекті өнер қайраткері, ұстаз, Қазақстан және КСРО Халық әртісі, «Қазақстанның Еңбек Ері» Асанәлі Әшімов төрағалық етті. Сонымен қатар айтыс ақыны, Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов, айтыскер ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтаев және өзге өнер, қоғам қайраткерлері қазылық етіп, 22 ақыннан финалға 12 ақынды жүйрік деп таныды. Ақтық сында Бекарыс Шойбеков, Рүстем Қайыртайұлы, Жансая Мусина, Еркебұлан Қайназаров, Жігер Бөкен, Рауан Қайдаров, Қалижан Білдәшов, Бауыржан Ширмединұлы, Төлеген Жаманов, Нұрзат Қару, Мейірбек Сұлтанхан өнер көрсетті.

Сонымен, қазылар алқасының шешімімен мерекелік айтыста ақындардың ешқайсысы да жүлдесіз қалмады. Ынталандыру сыйлығына Арғынбек Қалбаев, Төлеген Жаманов, Бауыржан Ширмедин, Нұрзат Қару, Рауан Қайдаров, Қалижан Бірдәш ие болды. Қазылар алқасының төрағасы Асанәлі Әшімовтің ұсынысымен тағайындалған арнайы жүлде Бөкен Жігерге берілді. Үшінші орынға екі ақын лайық деп танылса, оны Рүстем Қайыртай мен Жансая Мусина еншіледі. Екінші орынға Мейірбек Сұлтанхан ие болды. Бірінші орын мен «Айтыстың ақтаңгері» төсбелгісі Еркебұлан Қайназаровқа берілді. Бас жүлде – «Алтын домбыра» және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі тағайындаған темір тұлпар Бекарыс Шойбековке бұйырды.

АЛТЫН ЖҮРЕКТІ ЖАНДАР

Еліміздің мерейтойы қарсаңында Бейбітшілік және келісім сарайында әлеуметтік маңызы бар мамандықтар өкілдеріне құрмет көрсету рәсімі өтті. «Алтын жүректі жандар» мүсіншесін 30 үздік медицина қызметкері, полицейлер, құтқарушылар, коммуналдық қызмет қызметкерлері, еріктілер мен журналистер алды.



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығында 30 үміткер «Алтын жүректі жандар» мүсіншесі мен алғыс хаттарға ие болды. Олардың арасында Нұр-Сұлтан қаласы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы ювеналды полиция бөлімінің бастығы Нэлля Дощанова бар.

«Мұндай іс-шаралар жұмыс істейтін қызметкерлерге ғана емес, жаңадан келген қызметкерлерге де үлкен шабыт береді. Жақсы істер алғыс айтуды күтпейді. Күн сайын полиция қызметкерлерінің, өрт сөндірушілердің, дәрігерлердің, коммуналдық қызмет қызметкерлерінің қызметіне шығу – бір үлкен игі іс. Бұл іс-шара өте үлкен рухани құндылыққа ие» деді Нэлля Дощанова.

Елорданың жедел медициналық жәрдем қызметі бригадасының жүргізушісі Еркін Көксеген «шұғыл медициналық жәрдем» бөлімінде 14 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Оның еңбегі де жоғары бағаланды. Марапатталғандардың арасында 8 жылдан бері волонтерлікпен айналысатын Айнұр Мусина да болды. Номинанттар құрметіне сахнада Нұржамал Үсенбаева «Наз» би театрымен бірге, Айман Мұсақожаева, Рухия Байдүкенова және «Айналайын» балалар хоры, Нұрлан Өнербаев, Диная, «Қанаттылар» инклюзивті театрының әртістері, «Алашұлы» тобы өнер көрсетті. Рәсім барысында сондай-ақ өздерінің кәсіби борыштарын орындай отырып, өмірлерін қиған әлеуметтік маңызы бар мамандық өкілдерін еске алды.

ЕРКІН СӨЗ

Кейде осы әріптестеріме қайран қаламын. Жыл сайын күзде өңір басшылары кезекпен елордаға келіп, жылды қорытындылап, атқарған қызметі туралы көл-көсір есеп береді. Сол сала-құлаш есептің соңына қарай сауалдар қойылады. Солардың арасындағы ең «өткірі» – әкімнің жалақысы туралы сұрақ. Бір емес, екі емес, барша басшыға қойылатын дәстүрлі сауалға айналған соң ба, бұл өзі ел ішінде келекеге айнала бастағандай. Ойпырмай, жүрегі дауалап қалай қойды екен дейтіндей, жеті құлып салып жасыратындай құпия дерек емес.

АЙДЫҢ АРҒЫ БЕТІ

Еркін ҚЫДЫР

Мемлекеттік қызметкерлер мен ірілі-ұсақты лауазым иеленген тұлғалардың барлығы жалақы, сыйақы алады. Олардың да бала-шағасы бар. Белгіленген тәртіппен, еңбек өтіліне қарай қойылады жалақы. Оны өздері белгілемейді, жоғарыдан арнайы құжатпен бекітілген. Облыс әкімдері де мемлекеттік қызметтегі еңбек өтіліне сәйкес 1,5-2 миллион теңге шамасында жалақы алады екен. Не деген көлемді жалақы деп кейиді әріптестер. Ұлттық компания басшылығы әкімдерден екі-үш есе көп жалақы алады әрі жыл соңында берілетін қыруар бонус тағы бар. Бір өңірдің тағдырына, дамуына, өркендеуіне тікелей жауапты болып, күндіз-түні ат үстінде жүрсе, сол жұмысынан оң нәтиже шығарса неге алмасын ондай жалақы? Ештеңеге алаңдамай, жемісті жұмыс істеу үшін жақсы жалақы алғаны жөн. Бірақ сол жұмысының қайтарымы қандай? Жақсы жалақыға, үлкен сенімге сай жұмыс жүргізіп отыр ма, нәтиже бар ма деген мәселе мақаланың өзегіне айналса қанеки... Әлде менің әріптестерім өздері 100-200 мың теңге жалақымен нәпақасын айырып, бір айлықты келесіге жалғау үшін қарызданып-қауғаланып күнелтіп жатқан соң іштегі қызылмен «жалақы жырын» үдетіп жүр ме деген ой ұшқындаған соң бұл тақырыпты қозғамай-ақ жылы жауып қоя салып едік.

Айтып-айтпай не керек, лауазымды тұлғалардың барлығы бірдей жалғыз жалақымен ғана күн көріп, тіршілігін жалғап жүрсе, елдегі жемқорлық дерті де асқынбас еді-ау дегенбіз іштей. Күні кеше осы тақырыпты елдің бас идеологы – Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев та қозғапты. «Журналистің министр немесе әкімнен жалақысы туралы «маңызды журналистік зерттеу» жүргізгендей сұрақ қоюы күлкілі көрінеді. Ал Үкіметтегі және әкімдіктегі әріптестеріме қызармай, іркілмей, шынайы түрде жалақысы туралы айтуға кеңес берер едім» депті Абаев «Ашық диалог» бағдарламасында. Иә, журналистер ежіктеп сұраса, әкімдер мен министрлер айлығы, қызметтік көлігі, қалта телефоны, сағаты қанша тұрады деген сауалдарға жауап табады. Бұлар көзге көрініп тұр, жасырудың қажеті де жоқ. Ал айдың арғы бетінде не бар, бұған үңілуге журналистердің қауқары, біліктілігі, тәуекелі, батылдығы, мүмкіндігі жете ме? Бұл – үлкен мәселе. Бұл – тек журналистер қауымын ғана емес, барша қоғамды толғандырып отырған көкейтесті мәселе. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы 18 қараша күні Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Осы заңға сәйкес, ұлттық жария лауазымды тұлғалар деген ұғым пайда болып, олардың арнайы тізімі бекітіліп, тексеру шаралары белгіленетін болды. Бұл – қоғамды сауықтыруға, жемқорлықпен күресті жандандыруға жасалған батыл қадам. Лауазымды тұлғаларға заңсыз тапқан қаржысы мен дүние-мүлкін, байлығын жылыстатуға, жасыруға, бүркеуге мүмкіндік бермеу үшін енді олардың барлық туыстық және өзге де байланыстары түбегейлі тексерілетін болады. Осы жаңа заң қауқарына мінер болса, енді олардың құдасы, енесі болуға талпынатындар қатары күрт кемитін шығар...

Біз «Астана ақшамы» газетінің 2021 жылғы 13 қараша күнгі нөмірінде жарияланған «Құмдағы із» деген мақаламызда елімізде 9 айдың ішінде жемқорлық әрекеті бойынша 2140 тұлға құрықталса, соның 34-і – республикалық, 72-сі – облыстық, ал 89-ы қала мен аудандық деңгейдегі лауазым иелері екенін айтқанбыз. Еліміз сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша 180 елдің ішінде 94-орынға жайғасқанына қынжылғанбыз. «Қоғамды ізгілендіреміз, сауықтырамыз, ашықтықты арттырамыз, қолында билігі барлар «пара» деп айтпайды, «парасат» деп сөйлейді деген ізгі мақсат жолындағы жорығымыз да малтығып, нәтиже бермей, құмға түскен іздей тез жоғалып жатыр» деп налығанбыз. Сонан соң көп ұзамай, араға апта салмай Мемлекет басшысының жаңа заңға қол қоюын жақсы нышанға жорыдық. Бұл – мемлекет пен оның басшысының қоғамды сауықтыру жолындағы нақты қадамы, ал лауазымды тұлғалар үшін – үлкен міндет, алапат жауапкершілік. Жаңа, бетбұрысты кезең қарсаңында тұрмыз...

Кешелі бері әлеуметтік желі 4,5 миллион теңге пара алмақ болды деп күдікке ілінген Атырау облысы әкімі орынбасары – бұрынғы белсенді депутат туралы пікірге толып қалды. Осының алдында ғана әкімнің бірінші орынбасары 182 миллион теңге пара алды деп ұсталған екен, ал ауыл шаруашылығы басқармасы басшысы 80 миллион теңге жымқырды деген күдікпен қамауға алынған. Бұл өзі бір облыста айналасы жарты жыл ішінде ғана орын алған оқиғалар. Ал сіз әкімнен жалақың қанша деп сұрап отырсыз...

ШЕБЕРЛІК ФОРМУЛАСЫ

Жақында елордадағы қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінде жұмыссыз азаматтар үшін «Шеберлік формуласы» іс-шарасы ұйымдастырылды.

2020 жылы Елбасының бастамасымен «Жас маман» жобасы жүзеге асырылған болатын. Сол «Жас маман» жобасының өмірге келуіне байланысты көп кешікпей «Құзыреттілік» орталығы ашылды. Мұнда қазір алты зертхана жұмыс істейді.

Осы зертханаларда «Шеберлік формуласы» аясында тамақтандыруды ұйымдастыру қолға алынды. Оның негізгі мақсаты – жұмыспен қамту орталығымен бірлесе отырып, жас мамандар даярлау.

– Бізде қазір үш айлық, алты айлық курстар бар. Жас жігіттер мен қыздар мұнда келіп «аспаздық ісі», «кондитерлік ісі», «тігінші» мамандықтары бойынша оқып, сертификат алып шығады. Сол арқылы жұмысқа орналасады, – дейді қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің директоры Зәуре Қылышбаева.

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі

АЗАТТЫҚ ТАҢЫ

Осыдан тура жиырма жыл бұрын, 2001 жылдың 15 желтоқсанында «Астана ақшамы» газетінде (№156-157) белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Ербол Шәймерденұлының «Азаттық» атты эссесі жарық көрді. 1991-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Парламентінің баспасөз хатшысы қызметін атқарған ақын өз мақаласында азаттық таңы атқанынан бастап он жылдық кезеңді қамтыған. Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі мен мәслихатының қаулысымен көрнекті тұлғаның атына көше берілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойында қаламгердің сол мақаласын қайта басуды жөн көрдік.

Біз қазақ елінің берісі XV ғасырдан бері, әрісі сонау ғұндар мен сақтар дәуірінен бері жер бетінен жоғалып кетпей, жасап келе жатқан жалпақ жұрт, іргелі ел екенін терең танып, білуге мүмкіндік алған ұрпақпыз. Бірақ «тану» бір басқа да, «таныту» бір басқа. Сондықтан да өткен сенімді он қадам десе де болар еді. Біз қазақ елінің тәуелсіз мемлекет атанып, зерен көк туы желбіреген жұлдызды сәтін өз көзімен көру пешенесіне жазылған ұрпақпыз. Бірақ «атану» мен «болу» бір емес. Арасы – жол. Алдын ала кесіп-пішіп, мөлшерлеуге келмейтін, қуанышы да, қиыншылығы да мол, түсініктісі де, түсініксіздігі де көп тарихи жол.



Сондықтан да өткен он жылды тәуелсіздік жұлдызын темірқазық етіп, батыл алға басқан аршынды он қадам десе де болар еді. Біз талайына тәуелсіз мемлекет құру, егемен ел азаматы атану және ұлы өзгерістер дәуірінде өмір сүру бұйырған ұрпақпыз. Бірақ «бұйрықты болу» мен «бұйыртудың» да айырмашылығы аз емес. Сондықтан да бүгін, 2001 жылғы 16 желтоқсан күні, Тәуелсіздік күні, «О, Тәңірім, егемендігіміздің бар игілігін елге бұйырта гөр. Бүгіндері еккен тал ертең саялы бәйтерекке айналса игі» дейсің іштей.

Адам баласы дүниеге азат болып келеді. Тіршілік қамытын мойнына киісімен-ақ, құрықталған асаудай тынысы тарылып, тыпыры көбейе түседі. Бара-бара тәңірі сыйлаған еркіндігінің өзі арманға айналады. Өзімен-өзі күресіп, жеңілгеннен кейін сол арманмен келесі дүниеге көшеді. Рухы жұмаққа еніп, періште қанатында азат ұмыр кешеді деп ойлайды. Мәңгілік ұлы оптимизм деген осы. Қоғам да азат идеялар негізінде қауымдасып, топтасудан басталады. Бара-бара өзінен-өзі жеріп, өзін-өзі жарады. Өйткені алғашқы азат ойлар ұмыт қалып немесе танымастай өзгеріп кетеді. Қауырсын қанатындай жеп-жеңіл ізгі ниеттің өзі пайда мен айла атты қос зілзәрудің салмағының астында жаншылып, жер бауырлап қалады. Жаңа бір азат ойлар жаңа қоғамдарға жол ашады.

Мемлекет біткен де тарих сахнасына тек азаттық туын көтеріп шығады. Қала-мемлекеттер де, ұлт-мемлекеттер де, азаматтық қоғам-мемлекеттер де осылай еткен. Азаттыққа қажеттілік тумайынша, жаңа мемлекетке деген қажеттілік те тумайды. Мемлекет біткеннің анасы – азаттық.

Қазақ елінің жаңа тарихы қашаннан бастау алады? Әрине, осыдан он жыл бұрынғы желтоқсан айынан. Дәлірек айтқанда, 1991 жылғы 16 желтоқсаннан. Таяуда осы күннің ұлттық мереке атануы – соның бір дәлелі. Міне, біз сол күні қолымызға ұстап, қара сиямен белгі салған бір қағазды қарап отырмыз. Он жылдан кейін жай қағаз емес, өзінше бір мәні бар тарихи мұрағат десе де болатын сияқты... «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңының жобасы – бұл. Соңғы бетіне «18 сағат 14 минут» және «18 сағат 16 минут» деп жазып қойыппыз. Біріншісі – заңның, екіншісі – заңды іске қосу тәртібі туралы қаулының қабылданған уақыты. Жаңа тарихтың бастауы! Келмеске кеткен бодандықтың соңғы минуттары, тәуелсіздіктің алғашқы секундтары соғылған сәт десе де болады. Дәл осы кезде біз екі жағымызда отырған әріптестеріміз – Жоғары Кеңестің бөлім меңгерушілері Б.Мұхамеджанов (кейін ел Конституциясы авторларының бірі атанды, Әділет министрі болды) пен Ю.Скоробогатованың (қазірде Парламентте істеп жүр) қолын алып, бір-бірімізді құттықтаған соң, алдын ала келіскеніміздей, Парламенттің баспасөз хатшысы ретінде журналистерді, олар арқылы барша қазақстандықтарды ең ұлы тарихи жаңалықпен таныстыруға асыққанбыз. Ел тәуелсіздігінің тұңғыш ақжолтай хабаршысы болу қандай бақыт екені туралы біз онда ойланған да жоқпыз, әрине. Жүректі одан әлдеқайда жоғары, әлдеқайда маңызды сезім толық билеп алған еді.

Бұл ортақ көңіл күй асып төгіліп жатқан бір күн болатын. Ол заң қабылданысымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы лезде бүкіл Қазақстанға, әлемге тарады. Туысқан Түркия Республикасы жарты сағатқа жетпей қазақ елінің тәуелсіздігін танығандықтарын ресми хабарлап үлгеріпті. Әлемдік дипломатия тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жылдамдық деседі. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң – сан ұрпақтың

> Жаңа тарихымыздың басы... Тәуелсіздік күні... 16 желтоқсан... Қазақ тарихының ең мәртебелі ғана емес, ең қасиетті күн – бұл. Оған селт етпеген жүректен Отанын сүюді талап етудің өзі артық болар, бәлкім

арманы болған мемлекеттік тәуелсіздігіміздің бақыт құсын қайыра шақырып, иығымызға қондырған киелі құжат. Бар болғаны 14 баптан тұрады. Соған қазақ елінің ең ұлы ұлттық мұраттары сыйып тұр. Тағы да он жыл бұрын қолымызда ұстаған заң жобасына қараймыз. Бірнеше екшеуден өтіп, ақтық рет арнайы комиссия пысықтаған, бар болғаны 18 баптың өзі оңай қабылдана салмағаны байқалып тұр. Соққан белгілеріміз сол туралы сыр шертеді. Кіріспенің әр жолы бір-бір қамалға айналғандай. Соның бәрінен өтіп, толық дауысқа салғанның өзінде сол кіріспеге 29 адам қарсы қол көтерген. «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп жүргізеді» деп жазылған нақты әрі айқын баптың (1-бап) өзіне 12 адам қарсы болған.

«Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларымен біртұтас бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады» деген 5-бапқа депутат Ш.Мұртаза ұсыныс қосыпты. Бастапқы жобадан алынып қойылған бөлігі қайта қосылсын деп талап етеді (Ол: «Любые насильственные действия против конституционного строя Республики Казахстан, ее законно избранных власстей, публичные призывы к нарушению территориальной целостности Республики, а также разжигающие межнациональную рознь, со стороны политических партий, иных общественных объединений или отдельных лиц преследуются по закону» деген сөйлем). Дауысқа салынған. Өте алмапты.

Ал мынау заң жобасына тұтастай берілген дауыстар... Залда отырған 287 адамның 270-і қолдап, 12-сі қарсы дауыс берген, ал 2-еуі дауыс беруден қалыс қалған, 3-еуі дауыс беруге қатыспаған. Бір қарағанда жай қарапайым есеп-қисап көрінетін осынау сандардың сыртында да әртүрлі мүдделер мен көзқарастар қақтығысы жатты ғой. Оны, әсіресе, ішінде жүріп, жақынан саралағанда қатты сезінесің... Біз мұны егемен ел Парламентінде 1991 жылдың 27 қыркүйегінен 1996 жылғы 25 наурызына дейін баспасөз хатшысы қызметін атқара жүріп, әртүрлі жағдайда, әр қырынан танып, түйсінген жанбыз.

Тәуелсіздік туралы заң қабылданғаннан бергі бүгін, міне, тура 10 жыл. Көп нәрсе еске түседі... Көп нәрсе туралы ойланасың... Ең бастысы, сол он жыл сенің де тағдырыңа айналып, сенің де жүрегің мен өмірбаяның арқылы өткенін сезіну болса керек.

Жаңа тарихымыздың басы... Тәуелсіздік күні... 16 желтоқсан... Қазақ тарихының ең мәртебелі ғана емес, ең қасиетті күн – бұл. Оған селт етпеген жүректен Отанын сүюді талап етудің өзі артық болар, бәлкім.

Тәуелсіздігімізге 10 жыл толды. Ә.Кекілбаев ағамыз айтқандай: «Орта толды, орда болдық».

Өткеніне табан тіреп, ертеңіне қарай еркін адымдаған ел ғана озатынына тарих куә. Жасампаздықтың бір көрінісі – жаңа астана құрылысы. Президент тапсырмасын тағдырына балаған іскер басшы Ә.Жақсыбеков бастаған астаналықтар ғана емес, бүкіл ел болып жұмылуда оған. Ежелгі Есіл бойында алаш арыстарының ақ тілегінен туған арман қала бой көтеріп келеді. Белгілі саясаткер әрі ғалым С.Ақатаевтың бір сөзі бар. «Қазақстанда шың көп: Хантәңірі, Мұзтау... Ұлытауымыз тағы бар, – деп жазады ол. Бірақ Ордабасыдан биік тау жоқ! Ордабасыны шыңдардың пайғамбарына айналдырып кеткен айналайын Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әз Тәуке, Абылай хан бабаларымыз еді. Енді үш ғасырды артқа тастап қайта жаңғыртқан – Назарбаев! Ордабасының төбесіне көк ту шаншылды. Мамырдың майда желі қазақтың аспан түстес көгілдір жібек байрағын желбіретті. Мәңгілікке қадалған ту. Міне, осынау көрініс кімнің көзінен ыстық жасын домалатпады?!

Ордабасыға көк байрағымыз қадалды, енді қазақ ұлтына сол қасиетті екі нәрсені – көк туымыз бен көк шыңымызды қорғай алатын, қастерлеп ұстайтын мінез, іс-әрекет, ақыл-ой керек».

Шын жүректен шыққан жақсы сөз қашан да жанып тұрады. Шырақтай. Үміт пен сенім шырағы тәрізді!

Өткен он жылымыздың ең басты қорытындысы – егемен ел бола алатындығымызды өзімізге де, өзгелерге де дәлелдеуге тиісті сыннан сүрінбей өткеніміз болса керек. Бұл, сөз жоқ, зор жеңіс. Осы жеңісімізге табан тіреп тұрып енді жаңа биіктерге ұмтыламыз.

Қозғалыс бар жерде өмір бар. Өмір бар жерде жетілу, жаңару бар. Бодандық шынжыры үзілмей, соның бірі де бұйырмақ емес. Бүгінгі тәуелсіздік мейрамының мәні де осы ой желісінде жатыр.

Қай халықтың да ең ұлы мұраты, ең ізгі арманы – ел болу, тәуелсіздік туын көтеріп, азат ұмыр кешу. Қазақ елінің осынау бақыт құсы үш ғасыр бойы өгейсіп, осыдан он жыл бұрын ғана қайыра оралды. Бақыт құсы өз қадірін өзі білетіндер мен өз тағдырына өзі иелік ете алатындарды ғана қалайды.

Өз қадіріңді өзің білу өзімшілдік емес, өз табиғат-болмысыңа адалдық. Өз тағдырыңа өзің иелік ету өзгеше қажырлылық пен шешімділікті, ақыл-парасат пен кеңдікті талап етеді.

Осы қасиеттер өз бойынан табылғанда ғана ел басынан бақ ауып, қыдыр көшпейді. Жер бетіндегі жалғыз Отанымыз – туған Қазақстанымыз, іргелі қазақ елінің де басынан ешқашан бақ ауып, қыдыр кетпеуін тілейік. Бұл біз үшін әдемі сөз емес, киелі дұға болуға тиіс. Осылай ойлап, осылай өмір сүрер болсақ, басқаның мүддесін қастерлеу мен бүкіл әлемді бауыр басу да әлдеқайда жеңіл, ең бастысы әлдеқайда мағыналырақ бола түспек.

> Қай халықтың да ең ұлы мұраты, ең ізгі арманы – ел болу, тәуелсіздік туын көтеріп, азат ұмыр кешу. Қазақ елінің осынау бақыт құсы үш ғасыр бойы өгейсіп, осыдан он жыл бұрын ғана қайыра оралды. Бақыт құсы өз қадірін өзі білетіндер мен өз тағдырына өзі иелік ете алатындарды ғана қалайды

Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

БӘРІМІЗ ҮШІН ҚАСТЕРЛІ

Бұл – ұлттық, жалпыхалықтық мереке. Бұл – ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аңсары. Осы тәуелсіздікке қызмет ету біздің буынның маңдайына бұйырды. Иығына жүк түсті. Біздің халқымыз қазір осы елдіктің жолында жаңа белестерге бет алып келе жатыр. Сондықтан да біз үшін ең маңыздысы – еліміздің амандығы, жұртымыздың тыныштығы, халқымыздың ынтымақ-бірлігі. Соның ішінде ең бастысы сананың азаттығы дер едім. Жалпы қазақтың әр баласы азат болуға тырысуы керек. Санамыз азат болмайынша, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы қиындай береді. Сондықтан жас буын, жас ұрпақ осы тәуелсіздікті көзінің қарашығындай қадірлеп, қастерлеп, аялай берсін деген тілек айтқым келеді.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

ҚАДІР ТҰТАР КИЕМІЗ

– Баршаңызға Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі құтты болсын! Бұл – жүрек тұсымызға қолымызды қойып тұрып, шын мәнінде, ойланатын үлкен бір тарихи кезең.

Шекарасы шегенделген, көк байрағы көкте желбіреген, Елтаңбасы, картасы бар – тұтас тәуелсіздік дейтін ұлы ұғымды беретін шын мәніндегі біздің ұлы мерекеміз.

Еңбектеген сәбиден еңкейген кәріге дейін осы тәуелсіздікті қадір тұтып, тек отыз жылдықтың бедерінде ғана емес, келер жылға, келер кезеңге, келер ұрпаққа сәт сайын, сағат сайын насихаттап отыратын – ол тәуелсіздік.

Осы кезде ата-бабамыздың бүкіл арман-аңсары, мақсат-мұраты, кешегі өткен сұрапыл кезеңдер, Кеңес Одағы тұсындағы қазақ елі басынан кешкен оқиғалардың барлығының үлкен қойылған нүктесі – осы тәуелсіздік. Сондықтан еліміздің шеті жаудан, іші даудан аман болып, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Әкім ЫСҚАҚ,
қоғам қайраткері, тұңғыш қазақ тілінде жазылған заң авторы:

БАЯНДЫ БАҚЫТ

– Бір күні немерелеріммен бас қостым. Бәріне ортақ бір сұрақ қойдым. «Тәуелсіздік деген не?» дедім. Сонда бірі «бақыт» деді. Бірі «ата-анамның қасында болу» деді. Бірі «бәріміздің ынтымақты өмір сүруіміз» деді. Енді бірі «бәріміздің қазақша сөйлеуіміз» деді.

Шындап келсек, мұның тереңінде үлкен ой жатыр. Шынында, тәуелсіздік – ол бақыт. Тәуелсіздік – ерекше қасиетті ұғым. Сондықтан осындай қасиетті ұғымды кішкентай бүлдіршіндер тілімен айтқан кезде осылай болып шықты. Тереңіне үңілсек, шын мәнінде, еліміздің өз тәуелсіздігін, егемендігін алып өмір сүруі – бақыт.

Әлемде алты мыңдай ұлт пен ұлыс бар екен. Бірақ соның ішінде екі жүздей ұлтта ғана тәуелсіздік бар. Қазақ сол бақытқа ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп айтуы бекер емес. Шынында, бұл тұрғыда Елбасымыздың еңбегі ерекше. Тәуелсіздік – үлкен байлық. Осының қадір-қасиетін түсініп, осы байлықты ұстап тұру, мәңгілік ел болу жолында тәуелсіздіктің туын көтеріп, оны нығайту жолында еңбек ету – әрбір қазақстандықтың парызы.

Құрметті қазақстандықтар! Құрметті елорда тұрғындары! Өздеріңізді осынау қасиетті де киелі ұғым – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Осы мерейлі мерекеде бір-бірімізге деген ынтымағымыз бен бірлігіміз арта берсін! Елордамыз дами берсін! Тәуелсіздігіміз жасай берсін!

ЕЛОРДАДА – ЕЛШІЛЕР



Артур МАНАСЕРЯН:

ҚАЗАҚСТАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА ҮЛКЕН БЕДЕЛГЕ ИЕ

Тарихы терең, мәдениеті ерекше елдің бірі – Армения. Армян ұлты – көне дәстүрін әлі ұмытпаған, оған құрмет пен ізет көрсететін халық. Кавказ тауын мекендеген елдің болмысы бөлек, табиғаты да көз тойдырарлықтай әдемі. Сондықтан да шығар, бүгінде Армения экономикасы ілгері дамыған мемлекеттердің қатарында. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстан мен Арменияның арасындағы достық пен ынтымақтастық беки түсті. Осыған орай, Армения Республикасының Қазақстандағы елшілігінің төтенше өкілі және өкілетті министрі, уақытша сенімді өкілі Артур МАНАСЕРЯН мырзаға ілтипатымызды білдіре отырып, бірнеше сұрақтарымызға жауап беруін өтінген едік.

ҚЫСҚАША ӨМІРДЕРЕК:

Артур Манасерян 1955 жылы Ереван қаласында дүниеге келген. 1982 жылы Ереван политехникалық институтын, ал 1988 жылы КСРО Бүкілодақтық сыртқы сауда академиясын тәмамдаған. 1992 жылдан бері дипломатиялық қызметте. Арменияның Алепподағы (Сирия) бас консулы болған. Мәскеуде төтенше өкіл және өкілетті министр қызметін атқарған. Ал 2019 жылғы тамыздан бастап Армения Республикасының Қазақстандағы елшілігінің төтенше өкілі және өкілетті министрі, уақытша сенімді өкілі ретінде дипломатиялық қызметін атқарып келеді.

Армения – еліміздің сенімді серіктестерінің бірі. Сөзімізге дәлел болсын, 2020 жылы Қазақстан мен Армения арасындағы тауар айналымы 15 млн долларды құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда (11,5 млн доллар) 30 пайыздан жоғары. Қазақстаннан Арменияға экспорт 2020 жылы 66 пайызға өсіп, 7,3 млн доллар болған. Соңғы 15 жыл ішінде Армения экономикасына Қазақстанның тікелей инвестицияларының көлемі 56,2 миллион долларды құраса, ал Армения Қазақстанға 1,2 миллион доллар инвестиция құйған.

– Құрметті Артур мырза! 1991 жылдың 21 қыркүйегінде Армения, көп өтпей 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік алғанын жариялады. Содан бері арада 30 жыл өтіпті. Қос ел даму жолына бірге қадам басып, бір-біріне қолдаушы болып келе жатыр. Осы жылдар ішіндегі Қазақстанның жүріп өткен жолына қандай баға бересіз?

– Қазақстан тәуелсіздік жылдарында тұрақты экономикалық дамуға және халқының өмір сүру деңгейін жоғарылатуға ұмтылды. 30 жыл ішінде Қазақстан өз мақсатына толықтай қол жеткізді, халықаралық аренада үлкен беделге ие, гүлденген, дамушы елге айналды деп санаймын.

Тәуелсіздік жылдарында республика Біріккен Ұлттар Ұйымының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының толық құқықты мүшесі, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қатысушысы болды. Қазақстан – Еуразиялық экономикалық одақтың, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының және басқа да ұйымдардың белді мүшесі.

Сонымен қатар Қазақстан экономикасын дамыту үшін инвесторларға қолайлы жағдай жасап келеді. Бұл сөзімізге Нұр-Сұлтан қаласында жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды құрылыс жұмыстары мен халықтың өмір сүру деңгейінің жылдан-жылға өсіп келе жатқандығы дәлел.

– Екі елдің ортасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жыл өткен сайын қарқынды дамуда. Қазақстан мен Арменияның қарым-қатынасын қалай сипаттайсыз? Сіз тағы қандай салаларда ынтымақтастықты дамытып, басымдықтарды белгілеу қажет деп ойлайсыз?

– Тәуелсіздік алған сәттен бастап Армения мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай жоғары деңгейде және қарқынды дамуда. Екіжақты ынтымақтастық шеңберінде Армения-Қазақстан үкіметаралық комиссиясы жұмыс істейді, оның 8-отырысы жақында өтті. Онда екі ел арасындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ Армения мен Қазақстан – парламентаралық дос. Мемлекеттеріміздің парламенттері арасындағы өзара іс-қимыл парламентаралық достық форматында халықаралық ұйымдардың алаңдарында жоғары бағаланып жүр. Екі ел мерзімді түрде депутаттардың кездесулерін ұйымдастырады, шарттық-құқықтық базаны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Осы уақытқа дейін Армения мен Қазақстан арасында 35-тен астам құжатқа қол қойылған. Сондай-ақ экономикалық салалардағы ынтымақтастық дамып, кәсіпкерлердің қатысуымен бизнес-форумдар өткізілуде.

Келешекте екі ел туризм және жоғары технологиялар саласында өзара іс-қимылды дамыту қажет деп санаймын. Бұл тұрғыда кәсіпкерлердің бір-бірімен тәжірибе алмасқаны да аса маңызды.

– Арменияның табиғаты ежелден ерекше. Туризм саласын тұрақты дамытып келе жатқан елдердің қатарында. Ал сізге Қазақстанда демалыс өткізген ұнай ма? Сіздің ойыңызша, еліміздің туристік саласын қалай дамыту керек?

– Иә, маған Қазақстанда демалыс өткізген ұнайды. Елдеріңіздің де табиғаты әсем. Шығыстан батысқа дейінгі әр аймақ тарихи дерек пен мол шежіреге толы. Асқар таулар мен айдын көлдер, ну орман мен шөл дала – Қазақстан географиясына ғана тән ерекшелік. Қазіргі таңда Қазақстанның түрлі қызмет салаларын дамытып жатқанын ескерсек, туризм саласында елеулі кемшіліктерді көріп отырған жоқпын. Ең бастысы, қалаларды байланыстыратын автомобиль жолдарын жақсартуға көңіл бөлу және Қазақстанға келетін туристер үшін кең ауқымды ақпарат беру қажет.

– Артур мырза, сіз Қазақстанда қай уақыттан бері тұрасыз? Арменияның қарапайым тұрғыны Қазақстан туралы не біледі? Біздің елге алғаш келгенде сіздің әсеріңіз қандай болды?

– Қазақстандағы дипломатиялық миссияны 2019 жылғы тамыздан бастадым. Яғни Нұр-Сұлтанда 2 жылдан астам уақыт тұрамын. Қазақстан астанасында жұмыс істеп жүріп, мен қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен, елорданың мүмкіндіктерімен жақынырақ таныстым. Қазақстан мені ғажап табиғатымен, дәмді тағамдарымен таңғалдырды.

Өкінішке қарай, Қазақстан мен оның мүмкіндіктері, көрікті жерлері туралы Арменияда ақпарат жоқ. Сондықтан арны таңғалдырады. Ереванда мұндай ауқымды құрылыс жоқ. Нұр-Сұлтанның сол жағалауы шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынуда және қала өте тез өсуде, ал Ереванда құрылыс жұмыстары өте баяу жүреді. Себебі құрылысқа әйгілі армян тасы – қызғылт туф қолданылады, оны қолдану – өте ауыр және ұзақ процесс. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан – жазық далада салынған қала, ал Ереванды төрт жағынан тау қоршап тұр. Бұл да құрылыс жұмысына әсер етеді.

Нұр-Сұлтанды одан әрі дамытуда ең бірінші инфрақұрылымдар Қазақстанның, әсіресе туризм саласындағы мүмкіндіктері жайынан бейхабар.





Менің ойымша, қазіргі ғаламтор нарығындағы барлық мүмкіндікті пайдаланып, осы хабарсыздықтың орнын толтыру керек. Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың неғұрлым кең көлемін жариялай бергеніміз жөн. Ол үшін Армения мен Қазақстанның туристік компанияларымен жұмысты күшейту және дамыту қажет.

– Қос елдің астаналары – Нұр-Сұлтан мен Ереванның айырмашылығы қандай? Қазақстанның бас қаласы әлі жас. Елордамыздың одан әрі дамуында нені ескеру керек деп ойлайсыз?

– Елдеріміздің астаналарын салыстыру дұрыс емес. Өйткені Нұр-Сұлтан небәрі 24-те, ал Ереванның тарихы 2000 жылдан асады. Алайда мені елордадағы құрылыстың қарқыны таңғалдырады. Ереванда мұндай ауқымды құрылыс жоқ. Нұр-Сұлтанның сол жағалауы шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынуда және қала өте тез өсуде, ал Ереванда құрылыс жұмыстары өте баяу жүреді. Себебі құрылысқа әйгілі армян тасы – қызғылт туф қолданылады, оны қолдану – өте ауыр және ұзақ процесс. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан – жазық далада салынған қала, ал Ереванды төрт жағынан тау қоршап тұр. Бұл да құрылыс жұмысына әсер етеді.

Нұр-Сұлтанды одан әрі дамытуда ең бірінші инфрақұрылымды ескеріп, қаланы көгалдандыруды жүзеге асыру, қала экологиясын мұқият бақылау қажет.

– Ал Нұр-Сұлтандағы сүйікті демалыс орныңыз қай жер?

– Бос уақытымда қаланың орталық саябағында демалғанды, әсіресе Есіл өзенінің әдемі жағалауымен серуендегенді ұнатамын.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында елорда тұрғындарына не тілейсіз?

– Ең бастысы, достас Қазақстан халқына елдің әл-ауқатының өсіп, тұрғындардың татулық пен келісімде өмір сүруін тілеймін!

– Артур мырза, әңгімеңізге рақмет, екі елдің алтын көпіріндей қызметіңізге табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

Ерлан СЫДЫҚОВ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының депутаты:

РУХЫМЫЗ КҮШЕЙДІ

– Аса қымбатты менің отандастарым! Сіздерді еліміздің ең ұлық та қасиетті мерекесі – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Аз уақыттың ішінде Сарыарқаның төрінен қала тұрғызып, төрткүл дүниеге елімізді баян етті, аян етті. Бұл мемлекетіміздің негізін қалаушы Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы екенін атап айтуымыз керек.

Шекара шегенделді. Тарих түгенделді. Рухымыз күшейді. Ал енді Сарыарқаның төрінде астанамыз – Нұр-Сұлтан қаласы бой көтерсе, сол астанамыздың дәл ортасында Еуразия ұлттық университеті орналасқан. Аз уақыттың ішінде білім ордамыз әріптестерінің алдында әлемдік дәрежеде өзіндік орнын алып, өсіп келе жатыр. Осылардың барлығы – аз уақытта қол жеткен табысымыз. Табысымыз толағайлана берсін! Еңбегіміз жемісті болсын! Қазақстан мәңгі жасай берсін!

Зұлфұхар ҒАЙЫПОВ, Нұр-Сұлтан қаласындағы жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры:

БИІК ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕЙ КЕЛЕМІЗ


– Құрметті елордалықтар! Баршаңызды келе жатқан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекетіміз қалай өсіп-өркендесе, отыз жылда біздің білім саласы да солай өсіп-өркендеді. Бұл бағытта қол жеткізген жетістіктеріміз өте көп. Мысалы, орта білімді алатын болсақ, елордамыздың командасы соңғы жылдары халықаралық олимпиадаларда биік тұғырдан түспей келе жатыр. Бұл – өте қуанышты жағдай.

Кәсіптік-техникалық білім де өсіп келеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары олардың саны 11 ғана болса, қазір 35-ке жетті. Сонымен қатар тек саны ғана емес, сапасы да едәуір артты. Осының барлығы – егемендігіміздің арқасы.

Құрметті ұстаздар, студенттер, елордалықтар, тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болсын! Халқымыздан ынтымақ-бірлік кетпесін! Мереке құтты болсын!

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі



ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕЛОРДАСЫ

16 желтоқсан – тарихы тереңде жатқан, елдің жаңа заманда өз алдына қайта тәуелсіз болған күн, теңдесі жоқ мереке. Осыған орай, мереке қарсаңындағы Нұр-Сұлтан қаласының ерекше көріністерін тамашалауды ұсынамыз.


Көктем ҚАРҚЫН

Елорда – Отанымыздың жүрегі, бейбіт елдің баға жетпес байлығы. Қазақ деген абыройлы елдің атағын асқақтата түскен биік қамал – тәуелсіздіктің символы. Күн өткен сайын көркейе түскен елордамыз бүгінде көз тоймастай ғажайып бейнеге ие. Жаны жайсаң қазақ халқымыздың төгілген тері мен ерен еңбегінің, Елбасымыздың кемел саясатының арқасында әрбір арайлап атқан таң сайын жетіп жатқан жетістіктері орасан зор. Осынша жетістік, осынша армандардың жүзеге асуы – тәуелсіздіктің арқасы.

Ұлт мерейін асырған торқалы той қарсаңында Нұр-Сұлтан қаласы жаңаша түрленді. Қаланың орталық көшелеріне көк байрағымыз ілініп, рухымызға патриоттық дем берді. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» деп жазылған баннерлер елорданың қай бұрышынан қарасаңыз да көзге бірден түседі. Астанаға қадам басқан жолаушының бірінші аялдайтын «Нұрлы жол» теміржол вокзалы мен Н.Назарбаев атындағы халықаралық әуежай да Тәуелсіздік күнін ерекше атап өтуде. Дәл осы қала қақпаларында егемендігімізді паш ететін көріністер LED-экрандарда көрсетілуде. Ал көпқабатты ғимараттардың қабырғалары түрлі түсті мерекелік плакаттармен көмкерілген. Алтын күн мен қыран құстың бейнесі ел тәуелсіздігінің мерекесін ерте жеткізгендей. Желтоқсанның ызғарлы аязы елордалықтардың мерекелік көңіл күйіне әсер ете алған жоқ. Өйткені тәуелсіздік нышандары қалаға көрік беріп тұр.



Халқымыз отызды орда бұзар жас дейді. Жеткенімізден жететіндеріміз көп. Істелген істен атқаратынымыз көп. Әлемдік тарих үшін бұл, әрине, көп уақыт емес. Бірақ осы тәуелсіздікте өткен аз уақыт қазақ халқының ғасырлық арманы болатын. Сол бабалар арманына жетуіміз – біздің ұлы жетістігіміз. Ал ұлы жетістігіміздің асқақ жемісі – елордамыз.



ДАҢҚТЫ ЕЛ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Биыл Қазақстанның тәуелсіз мемлекет мәртебесін алғанына 30 жылдық дүбірлі мерекесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 100 жылдық атаулы мерейлі кезеңіне тұспа-тұс келген шақта қазынашылық жүйесінің қол жеткізген орасан зор жетістіктері мен бағындырған биік белестері ерекше.

Елордалық Қазынашылық департаменті кірістер мен шығыстар бойынша бюджетті кассалық атқаруды іске асырады, бюджеттік құралдарды мақсатты пайдалану үшін оларға жүктелген функцияларға сәйкесті ақша ағыны қозғалысын оңтайландырады, бюджеттік құралдарды үйлестіруді және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, бюджеттік заңнаманы әзірлеуге қатысады және оның орындалуын бақылайды.

Қазынашылық – Қазақстан Республикасының экономикалық дамуына әсер ететін мемлекеттік қаржыны тиімді және орнықты басқаруға жауап беретін еліміздің бюджеттік жүйесіндегі маңызды буыны. Осыған сәйкесті бұл қызмет бастапқыда-ақ әрбір басқару саласында кірістер мен шығыстардың ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған. Бұл өз кезегінде жалпыға бірдей танылған бухгалтерлік есеп, кірістер мен шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасы, барлық мемлекеттік органдарды қажетті ақшалай қаражатпен қамтамасыз етудегі бірқалыпты қазынашылық нормалар мен стандарттар тұрғысынан алып қарағанда өте маңызды қызмет саласы. Қазынашылықтың ақпараттық жүйесі тұрақты әрі үнемі жетілдірілу үстінде.

Бүгінде қазынашылық жүйесі қызметінің мәні мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік сатып алу шоты қашықтық режимде сұраныстары мен бюджетті атқару және қандай да операцияларды өткізу бойынша есептерді жасауында. Жұмыс қазынашылық жүйесін пайдаланушының автоматтандырылған жұмыс орнының көмегімен құжаттарды қабылдап-тапсыру, толтыру және бақылау мемлекеттік органдардың орындаушылары арасында тікелей байланысты болдырмай жүргізіледі, сонымен бірге қазынашылық қызметкерлері арасында өңделген құжаттарды жүйемен тарату автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады. Бұл бір жағынан құжаттарды өңдеу процесін тездетуге, екінші жағынан жемқорлықты болдырмауға мол септігін тигізеді.

Елбасымыз жемқорлықтың қоғам өмірінде, әсіресе моральдық-этикалық ахуалға жағымсыз әсер ететіндіктен, барынша қабылдауға келмейтін жағдайлар тудыру қажеттігі жөнінде міндеттерді атап өткен болатын.

Жемқорлыққа қарсы күрес негізгі басымдылық ретінде қазынашылық органдарының жұмысында ерекше көрініс табуда.

Осының дәлелі ретінде жемқорлыққа қарсы күресте айқындаушы рөл атқаратын мемлекеттік мекемелердегі, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік сатып алу шоты қаржылық құжаттардың ашық және есептілікпен өтетін адами факторды барынша қатыстырмай, сапалы әрі уақытылы ақпарат алмасу үшін қорғалатын электрондық құжат айналым «қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі жобасының енгізілуін атап өтуге болады.

Негізі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында Қазақстанда барлық мемлекеттік органдарда жемқорлықпен күрес жұмыс бағытының негізгі басымдылығы болып табылатын жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша мақсатты, жоспарға сай, жүйелік шаралар қабылдануда.

Ж.НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қазынашылық департаменті әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маманы

Аманжол ӘЛТАЕВ,
айтыскер ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

БЕДЕЛ-МҰРАТЫМЫЗ БИІКТЕЙ БЕРСІН!

– Тәуелсіз Қазақстан халқын ең ұлық мерекеміз – Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Сан ғасыр бабаларымыз армандаған осы еркін де азат күніміз баянды болсын!

Кешегі Қасым салған қасқа жолда да, Есім салған ескі жолда да, Абылай ханның ақ жолында да бабаларымыз осы байтақ даланың төсінде еркін өмір сүруді, ұлттың тәуелсіз болуын армандап өтті. Өткен ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің де бар арман-мақсаты, мұрат-мүддесі тек қазақ халқының бостандығы еді. Енді сол арманға біз қол жеткізіп отырмыз.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы тарих үшін қас-қағым сәт болғанмен, осы жылдар ішінде жас мемлекетіміз қаншама жетістіктерге жетті.

Болашақта да еліміз экономикасы өркендеген, саяси ұстанымы сарабдал, бүкіл әлем алдында өзінің бедел-мұраты биік айбарлы мемлекетке айналса деген тілек айтқым келеді. Тәуелсіздік бар жерде іргеміз берік, өмір-тіршілігіміз баянды болмақ.

Қазақ «Отан – отбасынан басталады» дейді. Әр отбасындағы қуаныш пен береке, тәлімді тәрбие, тұтастай алғанда, мемлекет мызғымастығын қамтамасыз етеді. Сондықтан біздің ардақ тұтар тәуелсіз Қазақстанымыздың болашағы жарқын, келешегі кемел болсын!

Қуандық ҚЫСТЫҚБАЕВ,
Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының көркемдік жетекшісі:

ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК

– Құрметті қазақстандықтар! Құрметті елорда тұрғындары! Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға қол жеткізді. Өнер саласы, соның ішінде театр саласының да табыстары жеткілікті. Тәуелсіздіктің төл құрдасы – Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрына да биыл 30 жыл. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен театрымыз мынадай ақ шаңқан ғимаратқа қол жеткізіп отыр.

Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың асыл мұраты болған тәуелсіздігімізді сақтай білу – біздің басты мақсатымыз. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай!

Дәурен СЕРҒАЗИН,
«Жастар» театрының актері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

БІРЛІГІМІЗ МЫҒЫМ

– Барлығымыз сіз болып, біз болып ата-бабамыз армандарына арқау етіп, салып кеткен сара жолмен көптеген жетістіктерге жеттік. Алда әлі де талай биіктерді бағындырып, көк туымыздағы алтын қырандай биікке самғарымыз сөзсіз.

Соңғы жылдары елімізде көптеген мәдени ошақ, соның ішінде театр ашылды. Театрдың ашылуы – мәдениеттің өркендеуі, мемлекеттің дамуы. Сондықтан осынау кең байтақ жерде ғұмыр кешіп жатқаныма мен өзімді бақытты санаймын.

Сіздерді осынау маңызды да мәнді мерекемен құттықтаймын! Бірлігіміз мығым, жақсы күндеріміз көп болсын!

Әсем ЕРЕЖЕҚЫЗЫ, айтыскер ақын:

ОТЫЗДА ОРДА БҰЗАР ЖАСҚА КЕЛДІҢ

– Аса қадірлі қазақ елінің азаматтары, баршаңызды ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Ата-бабаларымыз аңсаған, алаш арыстары жолында өзін құрбан еткен аяулы азаттығымыз мәңгі болсын! Татулық пен бірлік негізінде құрылған мемлекетіміздің саяси-экономикалық күш-қуаты артып, әлемнің озық мемлекеттерінің сапында көріне берсін! Еліміздің іргесі берік болсын! Ұлы дала төсінде мәңгілік бейбітшілік салтанат құрсын!

Біз бүгін тұрғынымыз астана-елдің,
Жалғасқан жұрнағымыз асқақ ердің.
Айбынды азаттығым тұрған кезде,
Жырлаймыз мерейтойын басқа ненің?!
Отыз жыл бұрын қайта атқа қонып,
Елдік пен ерлігімді растап едім.
Желбіреп көк аспанда көк байрағым,
Бірлік пен татулыққа бастап едің!
Мерекең құтты болсын, тәуелсіздік,
Отызда орда бұзар жасқа келдің!

Саясат НҰРБЕК, «BTS Education» жобасының жетекшісі:

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ КЕПІЛІ

– Құрметті отандастар! Қадірлі елорда тұрғындары! Тәуелсіздік – бұл өмірдегі құдіретті сөз. Ал қазіргі заманда тәуелсіздіктің бірден-бір нышаны, бірден-бір кепілі – ол білім мен ғылым.

Елбасымыз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ білім мен ғылымға, жастарды тәрбиелеуге, технология мен жаңалықтарды елге әкелуге өте үлкен күш-жігер жұмсады.

Өздеріңізге мәлім, «Болашақ» бағдарламасы сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басталған-тұғын. Шетелде, ең дамыған елдерде, ең мықты университеттерде оқып келген жастарымыз қазіргі таңда аяққа тұрды. Болашаққа, ғылымға, технологияға, ең мықты жетістіктерге тікелей байланысы бар ұрпақ тәрбиеледік. Осы ұрпақ – отыз жылдық қана емес, мыңжылдық тәуелсіздік кепілі. Ұлы мереке құтты болсын!

ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ №6

МҮГЕДЕКТЕР МӘСЕЛЕСІНЕ МҰҚИЯТ БОЛАЙЫҚ

Жақында Nur Otan партиясының Жол картасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істейтін орталықтарға мемлекеттік тапсырыс бөлу жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиынды Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы ұйымдастырды. Отырысқа қатысқан қалалық мәслихат депутаты Ләззат Разбекова-Төлеуханова бұл мәселеге өз пікірін айтты.



«Бізде әлі күнге дейін бұл бағытта нақты талдау жасалмаған. Қалада қанша мүгедек бар? Оның нешеуі аутист? ДЦП, хрусталь диагнозы қойылғандар қаншама? Алдымен соны анықтау керек. Сосын тізімге сәйкес ең бірінші кезекте тиісті қаражат қайда, кімге бөлінетінін қарастыру қажет» дейді депутат.

Жиында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға көрсетілетін көмек мәселесі де талқыланды. Депутаттың айтуынша, көмекке мұқтаж жандардың үйіне барып, жәрдем беру – өте құптарлық іс. Бұл тұрғыда мұндай шараларды көбейте түскен жөн.

«Мүгедектерден бөлек, күтушілерімен, ата-аналарымен жұмысты күшейту керек. Оларға моральдық, материалдық және ең қажеттісі - психологиялық көмек қажет. Ананың ниеті мен үміті мықты болған жағдайда баланың да тезірек сауығуға мүмкіндігі артады.

Елордада мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс істейтін орталықтар өте көп. Бірақ өкінішке қарай, олардың ішінде мұны ақша табудың көзіне айналдырып алғандар да бар. Сондықтан орталықтардың жұмысына қатаң тексеру қажет. Олардың сапасын арттыруға арналған нақты механизмдер керек. Біздегі мүгедек жандардың жағдайының оңалмай жатқанының себебі де осы» дейді депутат.



АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ТЫҢДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары тұрақты түрде азаматтарды қабылдауды жүргізеді. Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың кезекті қабылдауы Nur Otan партиясы елордалық филиалында өтті. Онда еңбек және жер дауы мәселелері қаралды.

Көптеген сұрақтар сол жерде шешілді. Бұл – есту қабілеті нашар адамға жұмыс табуға көмектесу, заңгерлік кеңес және тағы басқа мәселелер. Азаматтарды қабылдауға барлығы 9 адам жазылды. Көптеген өтініштер ұжымдық болды. Жауапты органда аталмыш мәселелерді шешу бойынша жұмыс істейтін болады. Мәслихат хатшысы партияның елордалық филиалында тоқсанына бір рет, ал елорда мәслихатында әр бейсенбі сайын қабылдау өткізеді.

Депутат Саламат Ахметов «Үркер» тұрғын алабының тұрғындарын қабылдады. Оның жеке қабылдауына келген аға буын өкілдері, белсенді азаматтар көкейлеріндегі бірқатар сұрақтарын қойды. Ең негізгі мәселе - елді мекенде балаларға арналған ойын алаңының, спорттық ғимараттың жоқтығы болды.

Сонымен қатар, Ауған орамында тұратын оқушыларды тасымалдайтын автобус қажет екендігі, кей көшелерде жарықтандырудың жоқтығы, қаңғыбас иттер туралы, көшелерде бейнекамералар қажеттілігі туралы айтылды.

Ләззат Разбекова-Төлеуханованың қабылдауына 8 адам жазылып, алтауы қатысты. Кездесулер Zoom платформасы арқылы ұйымдастырылды.

Өтініштер қорытындысында 3 отбасына азық-түлік таратылды. Екі адам ПИК жұмысына шағымданды. Бұл шағымдарды нақтылап, екі тараппен де мәселені шешу үшін жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тағы бір тұрғын орыстілді жарнаманың сауатсыздығына шағым айтты. Жарнамаға жауапты орталыққа ескерту жасалды. Өзгеріс енгізу бойынша мерзім бекітілді.

Депутат Салтанат Женалаева «Жаңұя» отбасын қолдау орталығында дәстүрлі азаматтарды қабылдау өткізді. Қабылдауға негізінен, әлеуметтік сұрақтармен 5 қала тұрғыны жазылды.

Бір тұрғын баласын балабақшаға орналастыру мәселесімен жүгінді. Бұл мәселе сол жерде шешілді. Ал тұрғын үй мәселесі неғұрлым терең жұмысты талап етеді және ерекше бақылауға алынды.

Елорданың өрт сөндіру бөлімдерінің бірінің қызметкеріне депутаттық корпустағы әріптестерімен бірге әлеуметтік пакетке қатысты мәселе көтерілгені, құтқарушылардың жалақысын көтеру туралы ұсыныс айтылғаны жеткізілді.

Салтанат Женалаева әр айдың екінші бейсенбісінде «Жаңұя» отбасын қолдау орталығында қабылдау өткізеді. Оған WhatsApp-та келесі нөмірлер бойынша +7 747 328 9294 және +7 775 572 59 57 жазылуға болады.

ТҰРҒЫНДАР НЕЛІКТЕН ШАҒЫМДАНАДЫ?

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатында мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың төрағалығымен көпшілік тыңдаулар өтті. Жиында электрмен жабдықтау нысандарын, инженерлік желілерді салуға, абаттандыруға, көгалдандыруға және санитариялық тазалауға бөлінген бюджет қаржысын тиімді пайдалану мәселесі қаралды.

Тиісті басқармалардың басшылары, атап айтқанда, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Жансұлтан Сапарбаев, Отын-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлышев, Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Әлия Қожабаева, Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ерсін Өтебаев баяндама жасады.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимовтың айтуынша, жылу және сумен қамту бойынша тұрғындардың өтініштері 50 пайызға көбейген.

«Биыл сумен жабдықтау мәселелері бойынша өтініштер санының айтарлықтай өсуі байқалады. Былтыр 26 мың өтініш болған. Қазір 41 мың өтінішке жетті. Жүйелік сипаттағы қателіктер жіберілуі мүмкін. Ағымдағы жылы суық, ыстық судың болмауы, әлсіз қысым, құбырдың жиі жарылуы, үзілістер, тоттанған су, судың ағуы және тағы басқа мәселелер бойынша өтініштер жиілеп кетті» деді Е.Каналимов.

Оның атап өтуінше, жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілетіні туралы тұрғындарға 2 сағат бұрын ғана хабарланады. Осыған су және жылуды тұтынушылар наразылық білдіріп отыр.

«Жоспарлы ажыратулар барысында жұмыс регламенті қажет. Бұрын әлеуметтік желілерде схемаларды, маршруттарды, бригада жетекшісінің аты-жөнін, оның телефондарын көрсете отырып, ажырату кестесі орналастырылатын. Талдау нәтижелеріне сәйкес өтініштердің 59%-ы РЭК қызметіне тиесілі» деді мәслихат хатшысы.

Ерлан Каналимов қалада қанша кезекші бригада жұмыс істейтінін сұрады. Оның сөзінше, қалада 40 мың адам жеке сектордағы тұрады. Өтініштердің 56 пайызы дәл осы жеке сектордан түскен.

Мәслихат депутаты Нұрдәулет Оразханов соңғы үш жылдағы өтемдік көшет отырғызу санына қатысты сұрақ қойды. Қордай көшесіндегі сквер мәселесін көтерді. «Бұл сквер Алматы ауданы әкімдігінің назарынан тыс қалған» деді депутат.

Ерлан Каналимов аудан әкімдіктеріне мердігерлермен жасалған шарттарды мұқият зерделеуді және шарт тармақтары орындалмаған жағдайда оларды бұзуды ұсынды. Ол мораторийге және бақылау тетіктерінің жоқтығына сілтеме жасаудың орынды еместігін атап өтті. Кез келген мемлекеттік жекеменшік-әріптестік жобасының уақыттық шекаралары бар. Сондықтан әкімдіктер санитариялық және өзге де қағидалардың сақталуын талап етуі тиіс. Өткен жылдың 1 маусымынан бастап барлық кәсіпкерлік нысандарда заңға сәйкес кассалық аппараттар мен терминалдар болуы тиіс.

Мәслихат хатшысы шағын бизнес субъектілерінің санитариялық жағдайды бұзу мәселелері бойынша жеке отырыс дайындауды тапсырды. Қазір көшелер мен аялдамаларды тазалау бойынша шағымдар азайғанын, орамішілік аумақтар, тұрақ орындары, көппәтерлі тұрғын үй кешендері кіреберістері маңындағы аумақтар бойынша мәселелер бар екенін атап өтті.

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ МЕРЗІМІ НЕГЕ КЕШІКТІ?

Ләззат Разбекова-Төлеуханова Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы мен Жол картасы негізінде «Өндіріс» тұрғын алабында салынған дене шынықтыру-сауықтыру кешені мәселесін де көтерді. Бұл нысанды пайдалануға беру мерзімі кешіктіріліп жатыр. Депутат кешенді аралап, қалалық Құрылыс басқармасының басшысы Арсен Жанғасқановқа тиісті сауал жолдады.



«Аралау барысында орындалған жұмыстардың актісі өткізілмегені, желдеткіш пен бейнебақылау орнатылмағаны, санитариялық тораптың құрылысы бітпегені белгілі болды.

Дене шынықтыру сауықтыру кешеніне қарасты №7 спорт мектебінің директоры А.Имашев пен «Өндіріс» тұрғын алабының инспекторы Д.Сугембаевпен бірлесе отырып, құрылысты кешіктірген мердігер компания «Лидер» ЖШС-ның директоры А.Худайбердиевтің үстінен шағым түсірдік. Қатаң шара қолданылуын талап етеміз. Себебі «Өндірістің» тұрғындары орталықтың уақытылы қолданысқа берілмей жатқанына наразылықтарын білдіріп, арыздарын жеткізіп жатыр. Әрі бұл Жол картасының уақытылы жүзеге аспауына себеп болып отыр. Nur Otan партиясының төрағасы бекіткен Жол картасына сәйкес бұл нысан 6 шілдеде - Елорда күніне орай ашылу керек еді» делінген депутаттық сауалда.

Нұр-Сұлтан қаласы Құрылыс басқармасының басшысы Арсен Жанғасқанов жауап берді.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 73-бабына сәйкес салынған объектіні пайдалануға қабылдау мен беруді тапсырыс беруші бекітілген жобаға сәйкес ол толық дайын болған және сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар болған кезде жүргізеді.

Осыған байланысты дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылуы объектіні пайдалануға қабылдағаннан кейін ҚР қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес мүмкін болады.

Мердігер ұйым – «Лидер-НК» ЖШС бойынша шарттық міндеттемелерді орындамауға, атап айтқанда, объектіні уақтылы пайдалануға беруге байланысты Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына серіктестіктен тұрақсыздық айыбын өндіріп алу және серіктестікті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы өтініш білдіргенін хабарлаймыз. Талап арыз сотта азаматтық істі қарауға дайындық сатысында» делінген жауап хатта.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі

ҚАНДАСТАР ҚАМҚОРШЫСЫ

«Әр қазақ – менің жалғызым» деген қанатты сөз тағдыр тәлкегімен тарыдай шашыраған қазақ қандастарымызға арналғандай. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 5-ші құрылтайында Төрағаның бірінші орынбасары болып, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Зауытбек Тұрысбеков сайланған еді.



Кезінде Көші-қон және демография агенттігінің төрағасы болған Зауытбек Қауысбекұлына қауымдастық жұмысы таныс. Қандастарға баспана алу мәселесін шешіп, елге келген алғашқы зиялы қауым өкілдеріне қамқоршы болған, алғашқы қазақша дайындалған Көші-қон заңының қабылдануына оң ықпал еткен, жалпы қандастар арасында да танымал тұлғаның басшы болып келуі ағайындар арасында да жақсы қабылданды.

Қызметке келген күннен бастап қолға алған шаруа қандастардың әл-ауқатын көтеру, елге келем деушілерді бірінші кезекте баспанамен және жұмыспен қамту, Солтүстік аймақтарға қоныстандыруды көздеді.

Зауытбек Қауысбекұлы саналы ғұмырын қазақ халқының өткен тарихын зерделеп, жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ботасы келсе, атасы артынан келер деген ұстанымды ұстап, алыстағы ағайынды елге тартудың бірден-бір жолы, жастарға Қазақстанды барынша таныстыру, осы бағытта жаңа жобалар жасауды тапсырды. Назарбаев зияткерлік мектебіне барып, басқарма төрағасы Күләш Ноғатайқызы Шамшидиновамен ұзақ мәміле жасап, алыстағы ағайынның балаларын бір ай елге келіп, осы айтулы мектепте демалыспен бірге Қазақстанның тарихын оқытып, домбыра, ұлттық қолөнер бұйымдарын жасап және үйренуін жолға қойды.

«Киелі Қазақстан» жобасы іске асты, жылына бір мәрте шетелдегі қандастарды Қазақстанның киелі жерлерін аралатып, тарихымен таныстырып отырамыз. «Қасиетті қазақ елі» атты өнер фестивалі шетелдегі өнерлі жастарды елге келіп өнерін көрсетіп, Атажұртымен қауышуына жол ашады.

«Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына бұрын 150 бала демалса, оны екі есеге көтеріп, 300 балаға жеткізді. Осы іс-шаралардың басы-қасында өзі жүріп, ашылу салтанатына қатысып, бүлдіршіндерге ақ жол тіледі.

Баспана және жұмыс мәселесін түбегейлі шешу үшін, мемлекетке асар жобасында тұрғызылатын тұрғын үйлер жобасын ұсынды. Парламент депутаттардан жұмысшы тобын құрып, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстарын аралап, әкімдермен кездесулер өткізді. Жобаны тездетіп іске қосу үшін Мәжіліс пен Сенатта тыңдау өтті.

Ұзақ жылдар мемлекеттік жоғары лауазымдарда қызмет атқарған Зауытбек Қауысбекұлы – туған жерінің гүлденуі үшін әлі күнге дейін тер төгіп, аянбай еңбек етіп келе жатқан табанды ерлеріміздің бірі. Елу жылға жуық тынымсыз еңбек етіп, адамдық келбетімен, адамгершілік қасиетін жоғалтпаған, бұл кісінің еңбегін тізіп шығу мүмкін емес, дей тұрса да басты-бастыларын атап өтуді жөн көрдік.

Зауытбек Тұрысбеков 1993-1997 жылдары Түркістан облысының (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) әкімі болып тұрғанда Бәйдібек ата кесенесін тұрғызу туралы шешім қабылдаған. Экономикалық қиын кезеңдерді бастан өткерген елде осы игі іске қажетті құралдарды таба білді. Зиярат орнына айналған Оңтүстік Қазақстан облысында бірегей нысан осылай пайда болды.

Бір мезгілде дерлік кесене жанынан «Бес ана» ескерткіші пайда болды. Білікті басшы Зауытбек Тұрысбековтің басшылығымен өңірде тағы бірнеше тарихи-мәдени нысандар бой көтерді. Соның бірі – халық арасында «Домалақ ана» атанған Нұрила апа кесенесі. Содан бері Маңғыстаудан әкелінген ақ тастардан тұрғызылған бұл кесене туралы ел арасында аңыз тарады. Қазір бұл кесене – туристерді қызықтыратын нысандардың бірі.

Ендігі кезекте Ордабасы төбесінде әділ сот жүргізіп жатқан үш бидің бірігуі құрметіне стела орнату болды. Әділдік пен бірліктің символына айналған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ескерткіші бүгінгі ұрпаққа серпін беруде. Ел тарихын жаңғыртуға бағытталған игі істері мұнымен шектелмейді.

2007 жылы Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалғаннан кейін көп ұзамай көрші елдегі Қазақстанның тарихи ескерткіштерін жаңғыртуға бел буды.

Өзбекстан билігінен ресми рұқсат алғаннан кейін Төле би кесенесін қалпына келтіруге кірісті. Осы мақсатта Иранннан 7 тонна жартылай асыл тас – оникс арнайы алдыртты. Өте нәзік, кез келген сәтте шырт етіп сынып кететін жартылай асыл тасты орналастыру да оңайға түспеді, Алла жар болып бәрі ойдағыдай біткен болатын.

Самарқанд пен Бұхараның ең таңдаулы шеберлеріне кесененің ішінен алтын-күміс қаптауды бұйырды. Содан кейін кесенедегі ішкі тасқа Төле бидің есімі жазылған. Бұрынғы ел аузындағы кесененің бұрын «Қарлығаш би» атауы ресми құжаттардан жоғалып кеткен еді, осы терминді қалыптастыруға күш салды.

Содан кейін Науаи өңіріндегі Нұра ата қаласында Әйтеке би мен оның атасы Сейтқұл әулиенің кесенесі тұрғызылды. Ең күрделі мәселе – қаржы табу еді, сол жобаны қаржыландыруға Зауытбек Тұрысбеков кәсіпкерлерді тартты. Сөйтіп, кесенені тарихи нысанға айналдырды.

Бұл жобалар сәтті жүзеге асырылғаннан кейін Зауытбек Қауысбекұлы Ташкентте 2 гектар аумақта Қазақстан елшілігі ғимаратының жобасын әзірлеуге күш салды.

Кереметтей ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті бар тұлға көп ұзамай Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ол жерде де игі істерін жалғастырды.

Зауытбек Қауысбекұлы өзінің ерекше қабілетінің арқасында Ресей дипломаттарымен бірігіп, Астраханьда биіктігі 21 метр Бөкейхан кесенесін тұрғызды. Бірақ алдымен Жәңгір ханның анасына 10 метрлік ескерткіш орнатты.

Ал Ржев қаласында Ұлы Отан соғысы даласынан оралмаған 100 және 101-ші дивизия қазақтарының есімдерін оқуға болатын ескерткіш орнатылды.

Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойы жылында Крюково стансасындағы Мәскеу мектебіне ұлы батырдың есімі берілді және күрделі жөндеуден өткізді. Сонымен қатар атақты Әлия Молдағұлова оқыған мектепте де күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсаттарға Ақтөбе және Жамбыл облыстарының демеушілері – кәсіпкерлері 1 миллион АҚШ долларын бөлді. Бұл жұмыстардың барлығы Зауытбек Тұрысбековтің тікелей бақылауымен және қолдауымен, ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Бірақ Қазақстан тарихын қалпына келтіру жұмыстары мұнымен біткен жоқ. Зауытбек Қауысбекұлының ұсынысымен Мәскеудегі Покровский бульварында Тұрар Рысқұловты еске алуға арналған стела орнатылды. Сонымен қатар, Ресей астанасының дәл орталығында 28-панфиловшыларды еске алуға арналған «Алматы» метро стансасы салынды.

Ресейдегі дипломатиялық миссиясын аяқтаған соң, Зауытбек Тұрысбеков дипломатиялық қызметін Украинада жалғастырды.

Харьковте қазақ әскерлерінің 106-дивизиясына ескерткіш пайда болды. Сол қанды майданда ел қорғап қаза тапқан, екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан қазақстандықтар туралы «Отан үшін отқа түскен» деректі фильмі түсірілді. Айтпақшы, фильмге арналған ақпарат олардың әртүрлі мұражайлары мен мұрағаттарынан біртіндеп жиналды.

Жалпы, Зауытбек Қауысбекұлы «Жер-ана тіріңде – төрің, өлгенде – көрің, қаншама ұлттар отансыз тентіреп жүр. Қасиетті қазақ жерін көзімнің қарашығындай сақтау – менің перзенттік борышым, мұны естен шығаруға болмайды, бұл менің ұстанымым» дейді әр сөзінде.

Ол – Елбасының сенімді серігі, саналы ғұмырын Қазақстанның өркендеуіне арнаған арқалы азамат. Қазақстанның тарихын бүге-шігесіне дейін зерттеген тұлға Зауытбек Қауысбекұлы 70 жасқа толып отыр.

Тағдыры толғандырған әлем қазақтарының қамқоршысы бола беріңіз.

Қарлығаш БЕКПАТШАҚЫЗЫ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Нұр-Сұлтан қаласы филиалының басшысы

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛДЫ?

Қазір елде заттың бағасы күннен күнге өсіп, халық та, Үкімет те әуелгіде біршама дағдарып қалды. «Ертең не болады?» деген сұрақ әрбір жанның көкейінде көлеңкеленіп тұр. Расында, айтып айтпай не керек, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың шектен тыс өсуі қалтасы таяз халыққа оңай соқпайды.



Болар іс болды. Ендігі жерде «қателік сенікі, менікі» деп ақталудың қажеті жоқ. Қайта бұл мәселені қалай шешіп, халықты осы тығырықтан қалай алып шығамыз деген мәселеге көңіл аударған дұрыс.

Ауруды емдеу үшін, алдымен тура диагноз қою керек. Сосын соған сәйкес емдеу шараларын алу қажет. Онда бұл қымбатшылық деген ауру қайдан пайда болды? Алдымен осы сұрақтың жауабын табайық.

Кез келген қымбатшылық аяқ астынан пайда болмайды. Ол да құдды өсімдік құсап, себілген тұқымнан өніп шығады. Мен бұл қымбатшылықтың тұқымы осыдан 6-7 жыл бұрын себілген деп қараймын. Кейін оның қаулап өсуіне коронавирус және алпауыт елдер экономикасындағы талас-тартыс тыңайтқыш болды.

Бағаның өсуіне біріншіден, әлем экономикасы драйвері болған еліміздің ең үлкен сауда серігінің бірі, бізді 70-80% күнделікті тұтыну тауарларымен қамдап тұрған Қытай тауарларының бағасы өсуі мен инфляцияға апарып соғатындығы жөнінде Қытайдың және әлем экономистері баяғыда-ақ дабыл қаққан болатын. Міне, қазір ол өз нәтижесін беріп отыр. Инвестиция – экономика дамуының қозғаушы күші. Бірақ зат бағасын өсіретін де – қозғаушы күш. Қытай өзінің ұлы жобасын жүзеге асыру үшін өзінің ішкі нарығына да, сыртқы нарығына да триллиондап инвестиция салды. Бұл инвестиция қаржысының көп бөлімі өзінің ақша массасын арттыру арқылы келген. Қытай басшысы «Бір жол – бір белдеу» жобасын алға қойғаннан кейін, яғни 2015 жылдан бастап Қытайдан Қазақстанға салынған инвестицияның орташа жылдық өсу қарқыны 22% құрап, 2018 жылы инвестиция 1,5 миллиард АҚШ долларына жетіп, 2017 жылмен салыстырғанда 37,6% өскен. 2015 жылмен салыстырғанда 78,6% өскен. Қытай ақша массасының өсуіне, және шикізат бағасының өсуіне байланысты Қытай тауарларының өзіндік құны қымбаттап, оның да бағасы күннен күнге шарықтады. Мұндайда Қытай ұсақ тауарларына 80% тәуелді болып отырған Қазақстанның тауар бағасының өсуі – бұлтартпас ақиқат.

Екінші, коронавирус факторы. Пандемия бүкіл әлемнің экономикалық тәртібін бүлдірді. Экономикалық қалыпты қатынастар үзілді. Жолдар тосылды. Өткелдер ұзын сонар кезекке тап болды. Шикізат та, тауар да өз уағында жете алмай, транспорттық шығындар көбейіп, тауардың өзіндік құны артты. Сонымен бірге тауардың тапшылығы артық сұраныс пайда қылды. Құрлық порттарындағы кептелісті айтпағанда, бұрын-соңды кептеліс болып көрмеген теңіз өткелі Суэц каналында ұзын-сонар кезек пайда болды. Сауда кемелері шығындарының артуына байланысты тасымал ақысы бұрынғыдан 300%-тен артық өсті.

Үшінші, батыстың Ресейге салған үздіксіз санкциясы Ресей экономикасын есеңгіретіп, ақшасын құнсыздандырып, бұл инфляцияға алып келді. Ресей тауарларының бағасы да еселеп өсті. Біздің ең үлкен сауда серігіміз және бір экономикалық одақта бірге тұрған өзімізден 10 есе үлкен экономикалық тұлға инфляцияға тап болғанда біздің одан шет қалумыз тіптен мүмкін емес!

Төртінші, АҚШ факторы. АҚШ пандемияға байланысты экономикасын ынталандыру үшін доллардың пайыздық мөлшерін 0%-ға дейін түсірді. Бұл ақша мен тауардың айналымын тездетіп, әлемде сауда қайта қыза түсті. Айналымның тездеуі сұранысты қауырт арттырып, энергияның және шикізат бағасының өсуіне алып келді. Энергия мен шикізат бағасы көтерілгеннен кейін тауар бағасының өсуі – табиғи құбылыс.

Бесінші, өз еліміздің ақша массасының шектен тыс артуы мен мамандардың біліксіздігі. Былтыр пандемияның елімізде өршуіне байланысты, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыссыз қалып, табысынан айырылғандар мен күн көрісі қиын табысы төмен отбасыларға деп ілгеріндігейінді 6 триллион теңге ақша бөлді. Бұл ақшаның бір бөлігі ұлттық қордан бөлінсе, бір бөлігі ұлттық банктен ақша массасын арттыру арқылы бөлінді. Бұл ақшалардың айналымға түсуі, нарықта алдымен азық-түлік бағасы мен жылжымайтын мүліктің бағасын өрлетті. Сәйкесінше бірте-бірте басқа тауарлардың бағасы көтерілді. Бағаның үздіксіз өсуінің алдын алуда дұрыс әдіс ойлап табылған жоқ. Үкімет тек үлкен супермаркеттерге тауар бағасын арзандатып сатуға субсидия берумен шектелді. Іс жүзінде бұл шараның айтарлықтай қайтарымы болған жоқ. Осылай баға күннен күнге өсті. Сонымен елімізде жаппай қымбатшылық етек алды.

Ербосын НҰРМҰХАНҰЛЫ,
жеке кәсіпкер

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

2020 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстанда әлемнің дамыған елдерінің үлгісі бойынша үш буынды модельді енгізе отырып, қылмыстық сала реформасы басталды. Бұл реформаның жүргізілу барысы туралы Нұр-Сұлтан қаласының прокуроры Бауыржан Мырзакеров «Астана ақшамы» газетіне берген сұхбатында баяндады.



– Бауыржан Қыпшақұлы, қылмыстық процестің үш буынды моделі деген не, оның мақсаты қандай екенін айтып өтсеңіз.

– Кез келген мемлекеттің дамуының маңызды көрсеткіші азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігі, қылмыстық процесс пен сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығы болып табылады.

2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қылмыстық процестің әрбір кезеңінде тиімді сүзгілерді құру, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін нығайтуға бағытталған өкілеттіктерді айқын бөле отырып, қылмыстық процесті жаңғыртуға тапсырма берді.

Бұл реформаның басты мақсаты – қылмыстық қудалау органдары, прокуратура мен сот арасында өкілеттіктерді айқын бөлу.

– Аталмыш реформа қалай енгізіліп жатыр?

– Ол бірнеше кезеңге бөлінген, бірінші кезең 2020 жылғы 31 желтоқсанда басталды, сол кезде қылмыстық қудалау органдарының негізгі шешімдері прокурормен келісіле бастады. Келесі жылдан бастап прокурор аса ауыр қылмыстар бойынша, 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық істері бойынша, 2024 жылдан бастап барлық қалған санаттар бойынша айыптау актілерін жасайтын болады.

– Сіз прокурор органдардың негізгі шешімдерін келісіп, бекітеді деп айттыңыз, олар туралы толығырақ айтып берсеңіз..

– Қазір прокурор қылмыстық істер бойынша адамды күдікті деп тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, тергеу мерзімдерін ұзу туралы процестік шешімдерді келіседі, сондай-ақ қылмыстық істі немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы процестік шешімдерді, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы және бұйрықты іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітеді. Бұл механизм прокурордың тергеудің барлық кезеңдерін, адамды күдікті деп танудан бастап, істі сотқа жіберуге немесе қылмыстық істі тоқтатуға дейін бақылауына мүмкіндік береді. Прокурордың келісімінсіз бұл шешімдер заңсыз болып саналатынын атап өткен жөн.

– Осы модельдің механизмі қалай жұмыс істейді?

– Түсінікті етіп айтсақ, полиция дәлелдемелерді жинап, шоғырландырумен айналысады, содан кейін материалдарды прокурорға береді. Ол осы материалдарды зерттеп, оларға құқықтық баға береді, дәлелдемелер жеткілікті әрі рұқсат етілген болса, айыптау актісін жасайды, содан кейін сотта айыптауды қолдайды. Ал сот соңғы үкім шығарады.

– Шешімдерді келісу процесі қалай өтіп жатқанын айтып берсеңіз...

– Цифрлық технологиялар және қылмыстық процесті цифрландыру реформаны енгізуді жеңілдетті. Қазір барлық шешімдер онлайн режимде келісілуде, тергеушілерге істермен прокуратураға барудың қажеті жоқ, әрбір шешім «СДТБТ» базасына енгізіледі. Сонымен қатар ағымдағы жылы елорда бойынша істердің 65%-тен астамы электрондық форматта тергелді. Бұл тергеу органдары қызметкерлері мен прокурорлардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік берді, ал қылмыстық процестің өзі ашық болды, яғни қазір электрондық қылмыстық істердің материалдарын бұрмалау мүмкін емес.

– Сіз реформаның алғашқы нәтижелерін қалай бағалайсыз?

– Бірінші кезеңнің өзінде жүргізілген реформаның оң әсері байқалады. Ағымдағы жылы құқық қорғау органдары 39 мыңнан астам шешім қабылдады, оның ішінде прокурорлар 29 мың шешімге келісім берді. Жіберілетін заң бұзушылықтар бірнеше есе азайды.

Мәселен, жыл басынан бері астаналық прокуратура қылмыстық процеске 400-ден астам адамды негізсіз тартуға жол берген жоқ, оның ішінде 146 күдікті бойынша саралау мерзімінен бұрын деп танылды және келісуден бас тартылды.

– Келесі жылы қылмыстық процесті реформалау аясында жаңалықтарды қалай енгізу жоспарлануда?

– Келесі жылы екінші кезеңге өту жоспарлануда, онда прокурорлардың өздері айыптау актілерін жасайтын болады. Дәл осы құжат тергеуді аяқтайды. Алдағы кезең прокурордың дәлелдемелерді тәуелсіз құқықтық бағалау тетігін күшейтеді және айыпталушыны сотқа беру кезінде оның жауапкершілігін дербестендіреді.

Біздің бүгінгі сұхбатымыздың соңында жалпы, іске асырылып жатқан реформа негізсіз шешімдерден және азаматтарды қылмыстық процеске заңсыз тартудан қорғайтын қуатты құқық қорғау тосқауылын жасауға мүмкіндік беретініне тағы да назар аударғым келеді.

ДІНИ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Дінге деген қызығушылық пен оны танып-білу әр саналы адамның рухани қызығушылығынан туындайды. Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласының дін істері басқармасы елорда руханиятын жаңғыртуға қаншалықты үлес қосуда? Жалпы бас қаладағы бүгінгі діни ахуал қалай? Бұл туралы басқарма басшысы Нұрдәулет Әлмұханов El&Orda ютуб арнамызға берген сұхбатында айтып берді.



– Діни басқарма қалада түрлі қоғамдық ұйымдарда түсіндіру жұмыстарын өткізіп, кездесулер ұйымдастырып жатады. Дәстүрлі дінді насихаттаушы ретінде қаламыздағы діни ахуалды сақтап тұруда бұл жұмыстар жеткілікті ме?

– Дін істер басқармасы жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік діни қызмет және діни бірлестіктер жұмысы. Сонымен қатар діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жұмыстар жүзеге асырылады. Елордадағы діни бірлестіктердің ауызбіршілігін, бір бағытта діни тұрақтылықты сақтау мақсатына да жұмыс істейміз.

Бүгінгі таңда Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының жалпы елорда өкілдігінде 12 мешіт жұмыс істейді. Соған қоса қазір тағы 2 мешіт салынып жатыр. Себебі қанша дегенмен қолданыстағы мешіттердің сыйымдылығы қалаға аздық етеді. Жұма намаз уақытында мешіттеріміз лық толы болады. Бұл жаңа мешіттердің қажеттілігін туғызды. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, елордамыздың 80 пайызын мұсылмандар құрайды, олардың бәрі ханафи масһабын ұстанады. Ауғанстан, Ирак мемлекеттеріне теріс ағым жетегіне еріп кетпеуі үшін Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар қазіргі таңда біздің басқарманың және қала басшылығының шешімі бойынша «Биг Шанхай», «Орталық базар» жақтан мешіт салуды ұсындық. Бұған қоса маргинал жастарды азайту үшін де жұмыстар жүргіземіз.

– Жаңа мешіт қазірден-ақ сыртқы көрінісімен алыстан тамсандырады. Ол іске қосылса қаладағы мешіттерге адам саны жағынан жүктеме азая ма?

– Иә, бұл мешіт әлемдік мешіттердің арасында ондыққа кіреді деп айтсақ болады. Себебі ол сыйымдылығы жағынан 30 000 адамды қамтиды. Сонымен қатар мешіттің іші екі бөліктен тұрады, кіріп келе жатқан кезде үлкен терасса болады, сол жерді қосқанда 60 000 адам сыяды. Бүгінгі таңда сәулетімен тамсандырған ғимарат орталық Азиядағы үлкен мешіттердің бірі болғалы тұр. Оның ашылуын барлық мұсылман халқы, тек қана Қазақстанның мұсылмандары ғана емес, шетелдік мұсылман елдері де асыға күтіп отыр. Аталған мешіт алдағы уақытта туристік нысан ретінде де тартымды болып, келген шетелдік қонақтарға мақтана көрсетуге болатын ғимаратқа айналады деп есептейміз.

– Қашан да кез келген теріс ағымға жастар тез түсіп кетеді. Қазіргі жастардың дені қай бағытта жүр?

– Жастардың қоғамда алатын орны ерекше, өйткені мемлекеттің негізгі қозғаушы күші – солар. Бүгінгі таңда біздің елордамызда мемлекеттік тіркеуден өткен 16 ЖОО бар. Сондағы жастарға арнайы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор, бізде оларға тәрбие сағатын өткізетін арнайы жауапты мамандар бар. Сол жауапты мамандар арқылы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын өткіземіз. Сонымен қатар қазіргі таңда елордада 47 колледж жұмыс істейді. Ондағы жастарды да ақпараттық түсіндіру жұмыстарымен қамтып, теріс жолға түсіп кетпеуіне атсалысамыз. Жастарды толық қадағалау мүмкін емес, бірақ мейлінше толыққанды дұрыс бағыт беру – міндет. Бүгінгі таңда Еуразия ұлттық университетінде 20 000-ға жуық студент бар. Жалпы елорданың басым көпшілігін жастар құрайтындықтан, мешіткке келетін жастар көп. Олармен мешіттің қызметкерлері жұмыс жүргізеді. Бұрынғыдай емес қазір дін қызметкерлері өте білікті, қазақша, орысша бірдей кез келген сұрақтарға жауап бере алады. Жастармен жұмыс бойынша қазіргі таңда арнайы бейне өнімдеріміз, материалдарымыз бар, соларды көрсетеміз.

– Астана медресесі қазір колледж болып өзгеріп жатыр, бұл мәртебе оның оқу бағдарламасына әсер етпей ме?

– 2021 жылы Астана медресесі колледж деген мәртебе алды, сөйтіп бұл білім ордасы арнаулы орта білім беретін мекемелердің қатарына кірді. Көңіл қуантатын жағдай – енді осында білім алған жастар дипломын жоғары оқу орындарына, арнайы мекемеде жұмыс жасауға ұсына алады. Бұрын медресені бітіргенде бір дін саласына қызмет ететін еді, оның белгілі бір дәрежесі болмайтын. Сонымен қатар мемлекетіміз зайырлы қоғам болғандықтан, бұл колледжде толықтай зайырлылық құндылықтарын оқытады. Бұл өте жақсы өзгерістер алып келеді, өйткені біздің түлектер зайырлы қоғамға емін-еркін еніп кете алады. Дін саласында жұмыс істеуге болады, дін пәнінің мұғалімі бола алады, дін істер басқармасына, құқық қорғау саласындағы діни қызметкер ретінде қызмет етеді. Бүкіл мекемелерде дін саласы қазіргі таңда өзекті, сол себептен діntану маманы бола алады. Қазіргі таңда медреседе 138 бала оқиды. Оқу орнына бірінші кезекте елордалық жастарды ғана аламыз, содан орын қалып жатса ғана басқа өңірлерден келгендер балаларды да қабылдаймыз.

Райхан РАХМЕТОВА

Сұхбаттың толық нұсқасын El&Orda ютуб арнасынан, мына сілтемеге өтіп көре аласыздар.

Қазақ ұлттық өнер университетінің концерт залында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Бірлік пен жасампаздықтың 30 жылы» атты салтанатты шара өтті. Соның барысында Алматы ауданының әкімі Ерлан Бекмұрзаев ауданның дамуына үлес қосқан әлеуметтік маңызы бар мамандық иелерін марапаттады.

ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ ҮКІЛЕДІ



«Бүгінгі салтанатты іс-шара біздің Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған, бірақ тағы бір маңызды күн – 10 желтоқсан – астананы Ақмолаға көшіру туралы да ұмытпаған жөн. Бұл 24 жыл бұрын Елбасының тарихи шешімі болды. Сондықтан біз Алматы ауданының бұрынғы әкімдерін де шақырдық: ауданның бірінші басшысы Ахметолла Шәкіров, аудан әкімдігінде 6 жыл қызмет еткен Сапар Ахметов, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов. Ауданымыздың дамуына қосқан үлес пен қолдау үшін сіздерге алғысымызды білдіреміз! Бүгін біз Алматы ауданының гүлденуіне өз үлесін қосқан батырларымызды – дәрігерлерді, мұғалімдерді, құтқарушыларды, еріктілерді салтанатты түрде құрметтегіміз келеді» деді Алматы ауданының әкімі Ерлан Бекмұрзаев.

Осы жиынға қатысушы «Замандас-21» қоғамдық қорының директоры Ләззат Алшанова «Алматы ауданында отыз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан адамдарға сый-құрмет көрсетіліп жатыр. Мұның өзі бізге күш береді, рух береді» десе, «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызметкері Гүлжан Сембаева «Осындай үлкен мерекеде құттықтап жатқанына алғысымыз шексіз. Біз мүгедек балалармен жұмыс істейміз. Осындай марапатқа өте ризамыз» дейді. Жиында түрлі сала мен мамандықтардың үздік өкілдері 23 номинация бойынша мүсіншелермен және алғыс хаттармен марапатталды. Іс-шара мерекелік концертпен аяқталды.

ҚАР БАСУ, БОРАН, КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ

Жыл сайын қысқы мерзімде халық тек қана төмен температураның әсер етуінен ғана емес, сондай-ақ қар басу, боран, көктайғақ сияқты табиғат құбылыстарынан зардап шегеді. Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайының құрбаны болмас үшін кейбір ауа райы факторлары пайда болғандағы өз-өзін ұстау ережелерінің бірқатарын білу керек.

Қатты боран туралы ескертпе алған кезде не істеу керек:

· Терезелер, есіктер, шатырлардың есіктері мен вентиляциялық тесіктерді тығыздап жабу қажет;

· Терезе әйнектерін қағаз лентамен жабыстырып, қалқандармен жауып қою керек;

· Электрқуатын сөндіру мүмкіндігіне дайындалу;

· Су, тамақ, медикаменттер, жеке жарық беретін құралдар (шамдар, керосин шамдары/жанғыштар, балауыз шамдар);

· Сапарға арналған плитка, батарейкалы радиоқабылдағыш дайындау;

· Балкондар мен терезе астынан ауа ағынымен ұшып кететін заттарды алып тастау;

· Теледидар мен радиоқабылдағыштарды әрдайым қосылған күйінде ұстау керек, өйткені аса маңызды ақпараттық хабарлама түсуі мүмкін;

· Жеңіл құрылыстардан бекім ғимараттарға өтіңіз;

· Қарды жинау үшін құралдар дайындап қойыңыздар.

Қатта боран кезінде өз-өзін ұстау ережелері:

Қатты боран туралы хабарламаны алу кезінде:

· Бөлмеден тек қана аса маңызды жағдайда шығу керек, егер осындай жағдай болып қалса, онда көршілерге, жанұя мүшелеріне қайда кеткеніңіз бен шамамен оралатын уақытыңызды айту керек;

· Бөмеден жалғыз кетуге рұқсат етілмейді;

· Автокөлікпен жүру тек қана үлкен тас жолдар мен шосселерде рұқсат етіледі;

· Автокөліктен шыққан кезде көру аумағында қалу керек;

· Көлік құралы сынып қалған кезде дабыл беріп, капотты ашып, антеннаға жарқын мата іліп, көмекті көліктің ішінде күту керек;

· Жолдан жаяу жүріп адасып қалсаңыз кез келген үйге кіріп, оның тұрған жерін анықтап, сонда боранның аяқталуын күтуге тырысыңыз;

· Егер шаршап қалсаңыз, тығылатын жер тауып сонда демалыңыз;

· Бейтаныс адамдармен сөйлескенде абай болыңыз, себебі осындай жағдайларда автокөліктерден, үйлерден және қызметтік ғимараттардан ұрлық саны күрт өседі.

Ж.ЗЕЙНУЛЛИН,
Алматы ауданы ТЖБ инженері

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі

Ел тарихындағы қастерлі де ұлы Тәуелсіздікке жол ашқан, биыл 35 жыл толып отырған әйгілі 1986 жылдың Желтоқсан көтерілісі туралы көп ізденіп, бірнеше деректі-публицистикалық кітаптар жазған белгілі журналист-жазушы Қайым-Мұнар Табеев осы бір сындарлы кезеңнің әлі де толықтай ашылмаған ақиқатын зерттеуді жалғастырып келеді. Кезінде ату жазасына кесілген Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков пен басқа да жалынды жастар жайында жарияланған оның толымды дүниелері оқырмандар тарапынан лайықты бағасын алған болатын. Біз бүгін есімі біршама белгілі болғанымен, көпшілікке өмір жолдары аса таныс емес желтоқсандық өрен Ербол Сыпатаевтың көмескі тағдыры туралы деректердің қалай іздестірілгені туралы автордың естелігін ұсынып отырмыз.



ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ

Желтоқсан айы қалай туады, солай бізді қолпаштап шақырушылар көбейеді. Әкімдігі бар, қоғамдық ұйымдары бар, мектеп, колледж, университеттен соғылған қоңырауларда тыным жоқ. «Желтоқсан көтерілісі туралы айтып беріңізші...» дейді баяғы. Бұрын шақырған жерге барды-жоқтымызды киіп, қалмай бара беруші едім. Соңғы бір-екі екі жылдың көлемінде тізгінді тартыңқырадым. Себебі сол біркелкі сүреңсіз кездесулер (сахнадағы жаттанды тақпақтар, қарабайыр көріністер, көсіліп сөйлейтін «батырлар») әбден жалықтырды. Арнайы шақырған соң, кейде сен де барып қосылып, өзің білетін жайттар жөнінде сөйлейсің. Бар ақиқатты ашық жеткізгің келеді. Бірақ, өкініштісі, жан-жүрегіңмен айтқан тебіреністі лебізің мен ұсыныс-пікірлерің сол жерде қалады...

Желтоқсан – Айдың арғы бетіндегі құпиялар секілді, әлі күнге дейін ашылмаған жұмбақ тақырып. Сондықтан, әлгі жиын өткізушілер отыз неше жыл бойы қойылып келе жатқан қарабайыр «сценарийден» ауытқымауға тырысады. Сахнада «Әр ұлтқа өз көсемі» деген сияқты плакат ұстап, ұрандатқан оқушылар, жастар жүреді. Оның ар жағында сапер күрегі мен дойыр шоқпарын көтеріп, жаландаған «әскерлер» тұрады. Ию-қию айқай. Жүгіріс. Соңында «Атаңа нәлет, Горбачев! Тарт қолыңды, Мәскеу!» деген сияқты жалпылама айыптаумен қойылым бітеді. Бүгінде сол өрескелдік балабақшаға да жетіпті. «Долой, Колбин!» деп, сүрініп-қабынып жүрген сәбилердің қылығына не күлеріңді, не жыларыңды білмейсің.

Мұның екінші қыры тағы бар – аумақтардағы ішкі саясат, білім, жастар басқармалары «патриоттық тәрбиеге» бөлінген қаржыны игеру керек болған соң, одан «қоректенетін» қоғамдық бірлестіктер жоспардағы дүниені қалайда өткізуге мүдделі. Олар мұның ең оңай жолын тауып алған – колледж, мектеп, кітапханалармен келісіп, алқа-қотан көпшілікті жинап, бейнекамераға, суретке түсіріп, жоғары жаққа есеп берсе болды. Оның мазмұны ешкімді қызықтырған емес. Соның салдарынан, патриоттық тақырыптағы барлық іс-шаралар сүреңсіз бір ізбен өтіп жатады. «Қасқыр да тоқ, қой да аман». Ал кештің не туралы өткенін түйсінбеген шәкірттер әлгі көргендерін шыға бере ұмытады.

Осындай белгілі себеппен, мұндай кездесулерге барудан саналы түрде бас тартқанбыз. Бірақ, мына бір шақырудан қалыс қалуға дәтім бармады. Кезінде Желтоқсанның құрбаны болған Ербол Сыпатаев оқыған энергетика институтының (бүгінде Алматы энергетика және байланыс университеті) ұстаздары хабарласқанда, ұсынысты бірден қабыл алдым. Себебі 1986 жылғы Желтоқсан ақиқаты туралы жазылған «Желтоқсан жаңғырықтары», «Жаппай жазалау. Сот» атты мақалаларымда аты аталған, сол үшін өзім әуре-сарсаңға түскен кейіпкерімнің бірі – Ербол Сыпатаевты еске алмау мүмкін емес еді.

Кездесуді алты мыңға жуық студенті бар үлкен университеттің әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымының кандидаты, доцент Болат Қабдөшев, осы кафедраның профессоры, техника ғылымының докторы, «Парасат» зияткерлік клубының президенті Бақдәулет Берлібаев екеуі ашып, сөз сөйледі. Бақдәулет ағамыз кезінде ҚазПИ-де қызмет істеп жүргенде, студенттері алаңға шығып кетіп, біраз уақыт КГБ-ның құрығына іліккенін еске алып өтті.

– Ал, Қақа, кезек өзіңізде. 90 минуттық академиялық сағатқа арналған дәрістік, танымдық лекция десеңіз де болады. Асықпай сөйлеуге мүмкіндігіңіз бар, – деді сосын маған қарап.

Шошып кеттім. Көздері жәудіреп отырған мына бірінші курстың сарыауыз балапандарына біржарым сағат бойы не айтуға болады?

Біріншіден, бұл өте ауыр тақырып, әлі күнге дейін тарихшылардың тісі батпаған, ғылыми жағынан толық зерттелмеген. Екіншіден, мына отырған көгенкөздер жарық дүниеге келмеген кезде болып өткен Желтоқсан туралы бұлар түйсіне қояр ма екен? Зер салып қарасам, кейбірі соткасын шұқылап, күлісіп, енді біреулері ойсыз күйде терезге телміріп отыр. Жоғарда айтып өткенімдей, «Күлтөбеде» күнде өтетін жиындардан жалыққаны сезіледі.

– Ал, жас достар! – дедім сосын әңгіменің басын ашып алайын деген оймен. – Өздерің оқып-білім алып жүрген осы білім шаңырағына екінші рет келіп отырмын. Алғаш рет 1994 жылы арнайы танк полкі №1 әскери әзірлікте тұрды. Қалың әскермен бірге, көшеге 10 мың жұмысшыдан тұратын арнайы жасақтар жіберілді. Жолында кездескен қазақ атаулыны жайпап, жусатып отырған бұл ұр да-жық жасақшыларды арматура кесіндісімен қауландырып, автобустармен алып жүрді. Оған Алматы электр техникасы зауытының бұрынғы директоры Еркін Қадыржановтың мына бір сөзі куә: «17 желтоқсанда мен зауыттан жасақшылар жинап, оларды алаңға апару туралы Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мещеряковтан шұғыл бұйрық алдым. Алаңдағы қарсылықты басу үшін оларға арматурадан арнайы темір кесіндісін қиып беру ескертілді».

Ербол Сыпатаев атындағы оқу залы ашылғанда бас сұғып едім. Оның кім екенін өздерің білесіңдер. Енді, бүгін міне, Ербол мен оның желтоқсандық замандастары туралы өздеріңмен әңгіме өрбітпекпін. Бұл әңгімені қызықсыз, қажетсіз деп санағандарың қазір шығып кетулеріңе болады. Ал, қане, кім бастайды?

Студенттер мұндайды күтпесе керек, соткаларын кілт тастап, бастарын көтерісіп, аңтарылып қалды. «Шын айтып тұрсыз ба?» дегендей, абдырай қараған үш-төрт жасөспірім апыл-ғұпыл жиналып, шығып кетті. Қалған қыз-жігіттер кездесудің соңына дейін тапжылмай отырды. Ұлы Тәуелсіздікті жақындатқан ызғарлы 86-ның қайсар жастары туралы, Ербол жайында айтылған шежірені қызыға тыңдады.

Иә, 22 жасында Желтоқсан қырғынында қыршын кеткен Ербол Сыпатаевтың тағдыры өте күрделі еді. 1964 жылы 10 наурызда бұрынғы Талдықорған облысы Панфилов ауданының Еңбекші (бүгінгі Көктал) ауылында қарапайым жұмысшы Бейсен Алшынбековтың отбасында туған. Алайда бесіктегі сәби шағынан ержеткенге дейін әкесінің ағасы Мұқажан Сыпатаев пен Тұрған апасының бауырында тәрбиеленген. 1970 жылы атасы, 1982 жылы апасы қайтыс болады да, Ербол өз үйіне қайтып келеді. Бұл кезде институттан құлап, Жаркент қаласындағы ДОСААФ-ты бітіріп, жүргізуші болып жұмыс істеп жүрген кезі екен. Сынып жетекшісі Дәулетқазы Рақымғазыұлының айтуынша, інілері Ержан, Тұрсын, Тұрыскелді мен қарындасы Назгүлге қарайласып, әскерге кеткенше әке-шешесіне қолғабыс жасайды.

– Ерболдың қазақ ауылдарындағы өзі сияқты көптеген қарадомалақтардан ешқандай ерекшелігі жоқ. Қатарлас құрбыларымен бірге мал бақты, шөп шапты, отын-су тасыды. Айырмашылығы – тағдыры ғана өзгешелеу болып қалыптасты. Желтоқсанның ызғарлы күндерінде ол ұлт намысын қорғаған жастардың алдыңғы сапында жүрді, – дейді ұстазы.

Алматы энергетика институтының 2-ші курс студенті Ербол Сыпатаев алаңға достарымен бірге саналы түрде барғаны дәлелденді. «Елім, жерім, тілім» деп, ұрандаған жастардың тоталитарлық режимге қарсы іс-қимылын басып-жаншу үшін алаңға 7618 солдат, 15 БТР, 20 өртсөндіргіш машина шығарылды. Астана іргесіндегі 70-разъезде Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды жас өркендер шейіт болды.

18 желтоқсанның түнінде басынан жарақат алып, ауруханаға түскен Ербол 23 желтоқсанда көз жұмады. Бұл арада Ерболдың жасаған ерлігі өз замандасы Қайрат Рысқұлбековтың азаматтық іс-әрекетімен өте ұқсас екенін байқауға болады.

«Бір жас қазақ қызын шашынан ұстап, тепкілеп жатқан милиция майорын көріп қалып, қарындасқа ара түстім. Құтырынған майорды бір ұрып құлатып, қызды құтқарып қалдым» дейді сотта сөйлеген сөзінде Қайрат.

Ербол да солай, сыртқы киімдері дал-дұлы шығып жыртылған, шаштары қобырап, естері шыға қорыққан қос бойжеткенді екі қолтығына алып, көпқабатты үйлердің қалқасына қарай жүгіреді. «Ештеңеге қайырылмаңдар, үлкен көшеге шығып кетіңдер!» деп, қыздарды қалың әскердің қоршауынан шығарып үлгереді. Сол сәтте, арт жағынан келіп жеткен жендеттер сапер күрегімен ұрып, жерге құлатады. Етпетінен түскен Ербол етқызуымен атып тұрып, бір солдаттың қолындағы күректі жұлып алады. Өзі де әскерде болған, спортпен айналысқан епті жігіт қой. Бірақ, ешкімді ұрмай, тек қорғанумен ғана жүреді. Сол кезде шүйдесіне тиген екінші ауыр соққыдан есін жоғалтты...

Ауруханда КГБ тыңшылары үш күн бойы дәрігерлермен жағаласып, Ерболдан жауап алу үшін палатаның есігін күзетеді. Сонда, емдеуші дәрігерлердің қайран қалғаны – есін бір жинаған сәтте Ербол «Қыздар құтылды ма?» деп сұрапты. Ең соңғы сөзі осы болыпты...

Әрине, мұның бәрін біз кейін, тым кейінірек, Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана естіп, білдік. Ал ол кезде, Ербол Сыпатаев туралы деректер тым тапшы еді. Ресми құжаттарда әке-шешесі жоқ жетім ретінде көрсетілді. «Қазақ КСР Жоғарғы Советі президумының Алматы және Қазақстанның өзге облыстарындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына тиісті баға беру жөніндегі комиссиясының қорытындысында» солай деп жазылды. Неге?

Енді, сол туралы қысқаша тоқталып өтейін. 1989 жылы шілде айында мен осы комиссияның сарапшылар тобына шақырылдым. Жан-жақтан жиналған заңгерлер, ғалымдар, журналистер, қоғамдық ұйым өкілдері жұмысқа құлшына кіріскенімізбен, ісіміз маңдымады. Жапа шеккендердің ешқайсысы комиссияға сенбей ме, қорқа ма, Үкімет үйіне келмейді. Қайта, Жазушылар одағы жанындағы Тұрсын Жұртбаев басқаратын Қоғамдық комиссияға көп баратынын байқадым. (Мен сол праволық комиссияның да жауапты хатшысы едім). Сотталған желтоқсандықтардың көпшілігі әлі де абақтыда жатқан кез. Алматыда жүргендердің ешқайсысы ақталмаған. Содан сақтана ма, олар да жоламайды. Бір күні депутаттық комиссияның қосалқы төрағасы Қадыр Мырзалиев «Айғақ кәне, куә кім?» деген мақала жазып, «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялап та көрді. Жоқ, бірен-саран жауапты қызметтен қуылған адамдар болмаса, тікелей желтоқсандықтардан төбе көрсеткендер аз болды.

Ақыры болмаған соң, тамыз айының соңында Мұхтар Шаханов «Жалын» журналына қарасты өзінің қызметтік «Волга» машинасын беріп, «Талдықорған облысына барыңдар, міне, КГБ-дағы бір танысым берген мына тізім бойынша желтоқсан құрбандарын анықтаңдар, тірі куәларды тауып келіңдер» деп, бірнеше жігітке тапсырма берді. Сөйтіп, қоғам белсендісі Мұратқан Түйебаев, журналист Армиял Тасымбеков, мен және жүргізуші Серік төртеуміз жолға шықтық.

Кеш бата Жаркенттің шетіндегі бір ауылға кеп тоқтадық. Мал қораланып, сиыр сауылып, ел-жұрт жайланып, кешкі астың қамына кіріскен елең-алаң сәт. Түскен үйіміз Армиял Тасымбековтың немере ағасының шаңырағы екен.

– Қақпаның есігін дұрыстап жап! – деді үй иесі біз кірген соң, бір боз-балаға нығарлай сөйлеп. Сірә, біздің кім екенімізді, қандай нұсқаумен жүргенімізді ағасы білетін сияқты. Әкесінің айтқанын тап-түйнақтай орындап, үйге қайта кірген балаға тағы бір тапсырма берді.

– Терезенің перделерін түсір. Сосын өз бөлмеңе барып, кітабыңды оқы. Көшеге шықпа.

Күнге әбден тотығып, жүзі қайыңның қабығындай секпілденіп қалған жасөспірім «Неге?» деп сұраған жоқ. Үлкендердің не үшін үрейленіп, неге үркінді болып жүргенін іші сезетін сияқты. Басын изеді де, кекілін бір сипап, шығып кетті.

Ауылға тән біркелкі стандартпен салынған үлкен төрт бөлмелі үйдің қонақ залында отырмыз. Шәй ішілді, ет желінді. Жөн сұрасқаннан басқа, артық-ауыз әңгіме айтылған жоқ.

– Сонымен ертең Еңбекшіге қайта баратын болдық па? – дедім мен астан кейін үлкеніміз Мұратқанға қарап. Ол «сөйтетін шығармыз» дегендей, шаршаңқы үнмен қысқа қайырды.

Бүгінгі күніміз расында да, адамды шаршататындай бос сенделіспен өтті десе болады. Алматыдан таңертең шыққанымызбен, жолда ескі «Волга» қайта-қайта бұзылып, біресе суы қызып, біресе ремені кетіп, ит әуремізді шығарды. Елден көмек сұрайық десек, Кербұлақ ауданының ауыл басшыларының бірін де кездестіре алмадық. Ғажап, біз келгенде, конторда кекілі секиген хатшы қыздар ғана отырады. Жібі түзу ешкімді кездестіре алмаймыз. Сөйтсек, мұның сырын түс ауа Алтынемел асуынан асқаннан кейін, Панфилов ауданына қарасты шөпшілер қосынында шәй ішіп отырғанда білдік.

Орта бойлыдан сәл жоғары, бұйрабас, отыздардың ішіндегі сіліңгір жігіт шөпшілердің бригадирі екен. Аты – Жеңіс. «Темекі шекпейсіз бе?» деді, бір қағаберісте маған көзін қысып. «Шегейік» дедім мен, ондай әдетім жоқ болса да, бірдеңе айтқысы келгенін түсініп. Қостан едәуір ұзап шықтық. «Сіздер туралы біз жақсы білеміз, аға. Сіздер Шахановтың комиссиясынан келе жатырсыздар ғой. «Олармен кездеспеңдер, кездесе қалса, әңгіме айтушы болмаңдар» деп, бүкіл ауылдардың басшыларына ескертіліп қойылған. Машиналарыңыздың нөміріне дейін берілген» деп, Жеңіс қарап тұр. «Бұл кім болды, сонда? Үш әріптің адамы емес пе екен?» – деп ойлап үлгергенімше, ол сөзін қайта жалғастырды.

– Қорықпаңыз, аға. Мен тыңшы емеспін, – деді күліп. – Менің аты-жөнім – Жеңіс Бекеев. Қазақ ауылшаруашылық институтының 1-ші курсында оқып жүргенде, осы Желтоқсан оқиғасының салдарынан оқудан шығып қалғам.

– Солай ма? – дедім мен әлі де сеніңкіремей.

– Сенбей тұрсыз, ә! Мейлі, өз еркіңіз. Мен тіпті, алаңға да шықпадым ғой, қылаудай кінәм жоқ. Институттың 6-шы жатақханасында тұратынбыз. 18 желтоқсан күні түскі сағат 12-лерде жатақханамыздың бірінші қабаты у-шу болып кетті. Төменге түссем, солдаттардан қашқан оншақты бөтен қыз-жігіт бізге басып кіріпті. Сыртқы есік кілттеулі болатын. Жаны қысылғанда, соны бұзып кірген ғой. Олардың соңдарынан жеткен қуғыншы әскерлер де баса-көктеп, құтырып жүр. Қолдарында – сапер күректері. Жолында кезіккен ұл балаларды шетінен сұлатып келеді. Ондай сұмдықты көрмеген мен шошып кетіп, жоғары қаштым. Қасыма бір сары бала ілесті. Оны танымаймын. Екеуміз жанұшырып үшінші қабатқа көтерілдік. Есігіме келіп, бөлмемнің кілті түсіп қалғанын бір-ақ білдім. Қайтадан іздестіруге енді кеш.

(Жалғасы бар)

Қайым-Мұнар ТАБЕЕВ,
журналист-жазушы,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ӘЛИХАНДЫ ӘН-КҮЙМЕН ӘСПЕТТЕДІ

Елорданың Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі «Астана» концерт залында Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына арналған «Алаштың Әлиханы» атты концерт өткізді. Фольклорлық ансамбльдің көркемдік жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі – Тоғжан Жахин.



Ұлт алдындағы жауапкершіліктің ауыр жүгін қара нардай көтере білген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның рухына арналған кеште Мәдениет қайраткері Секен Сыздық, Мәдениет саласының үздігі Шығыс Махан, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Алтынбек Әбілда, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Сәулежан Тағзия, Нұржан Мейірхан, Жақсыгелді Маясаров, Алуа Қалымбекова, Өзгеріс Шерікбай, Әйгерім Күлшина, «Әлем» эстрадалық би ансамблі және «Шалқыма» халық би ансамблі өнер көрсетті. Концерт барысында Ықылас Дүкенұлы, Кенен Әзірбаев, Мағжан Жұмабаев, Ескендір Хасанғалиев, Тұрсынғазы Рахимов, тағы басқа композиторлардың шығармалары орындалды.

ҚҰНДЫ ТАРТУ ТАБЫСТАДЫ

Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалында қазақтың мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханға арналған «Әлихан әлемі» атты әдеби конференция өтті. Іс-шараны ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы жүргізді.



Тағылымдық кешке алаштанушы ғалымдар Сұлтанхан Аққұлы, Заңғар Кәрімхан қаламгерлер Өтен Ахмет, Қайырбек Сәдуақасов, Берік Садыр, Жанат Елшібек, Бақытбек Қадыр, Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалы директорының орынбасары Олжас Қасым, дәстүрлі әнші Сырым Мұхамеджанов, айтыскер ақын Еркебұлан Қайназар, ақындар Мирас Асан, Ерлан Жүніс, Рауан Қабидолда, Арман Шеризат қатысты.

Конференция барысында алаштанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлы «Жазушылар үйіне» Әлихан Бөкейханның 15 томдығын тарту етті.

Баян АСЫЛБЕКОВА

ОҚУШЫЛАР АЙТЫСТЫ

«Астана дарыны» ДДжПС орталығы мен «Zharkyn Smart school» мектебі бірлесіп, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тұғыры биік тәуелсіздік» атты I қалалық оқушылар айтысын өткізді.

Оған Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінен барлығы 16 оқушы қатысып, айтыстың қорытындысы бойынша:

Бас жүлдені – №52 мектеп гимназиясы; I орынды – №4 мектеп гимназиясы;

II орынды – «Zharkyn smart school» ЖМ мен №86 мектеп гимназиясы;

III орынды – №52, №71, №92 мектеп гимназиялары иемденсе, №70, №67, №87 мектеп-гимназияларына грамоталар тапсырылды.



ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ – ФРАНЦИЯДА

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «FORTE TRIO» мемлекеттік триосы Францияның ең беделді концерт залдарында классикалық музыка туындыларын қояды.



Қазақстандық ұжым 15 желтоқсанда Cortot сахнасында, 16 желтоқсанда Мюлуздегі Theatre de la sinne сахнасында, 17 желтоқсанда Нансидегі Мэрия сарайында және 22 желтоқсанда Лиондағы «Moliere» залында концерт береді. «Еуропа тыңдармандарына қазақстандық композиторлардың шығармалары мен Батыстың классикалық музыкасынан таңдаулы туындылар ұсынылады» дейді ұйымдастырушылар.

«FORTE TRIO» – пианист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тимур Орманшиевтің жетекшілігімен өнер көрсететін ең танымал қазақстандық камералық-аспаптық ансамбль. Музыканттар үштігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерт ұйымның құрамында жұмыс істейді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай елордалық Байқоңыр ауданының әкімдігі қазақ күресінен «Байқоңыр барысы-2021» турнирін өткізді. «Өндіріс» тұрғын алабындағы жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде өткен спорттық шараға еліміздің әр өңірінен 24 спортшы қатысты.

«БАЙҚОҢЫР БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ

«Байқоңыр барысы-2021» турнирінің бас жүлдесін астаналық балуан Айбат Сейтен, күміс жүлдені павлодарлық Мұхтар Дәлелханұлы, қола жүлдені Жамбыл облысынан келген Айтбек Айбол жеңіп алды.

– Мен 2019 жылы «Байқоңыр барысының» алғашқы турниріне қатысып, жеңімпаз атандым. Енді, міне, екінші рет қатысып отырмын. Бүгін өте мықты спортшылар келді, олардың арасында әлем және Азия чемпиондары да бар. Қарсыластар жақсы дайындалған. Байқоңыр ауданы әкімдігінің бұл бастамасы өте құптарлық, жақсы бастама, – деді жеңімпаз спортшы Айбат Сейтен.

«Байқоңыр барысы-2021» турнирі бұқаралық спортты дамытуға, ауданның жас спортшылары арасында қазақ күресінің ұлттық спорт түрін және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.



ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

Кеше Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында Мәскеуде өткен грэпплингтен әлем чемпионатының жүлдегерлері мен жеңімпаздарын, жақындары мен жанкүйерлері ыстық ықыласпен қарсы алды.



Грэпплингтен әлем чемпионаты балалар, жасөспірімдер және ардагерлер арасында өтті.

300-ден аса спортшы бақ сынаған байрақты бәсекеде ел құрамасы командалық есеп бойынша 2-орынды жеңіп алды. Құрама команда қоржынында – 3 алтын, 6 күміс, 10 қола медаль.

Қатысушылар әлем чемпионатында аталмыш спорт түрінің грэпплинг No Gi және грэпплинг Gi бөлімдері бойынша бақ сынасты.

«Баракат Инвест» ЖШС белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы ретінде (Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А-206 көшесі, 12/1 үй, БСН 140140031000, тел. 87787002220 Шарипов Жамбыл Баянович) «Нұр-Сұлтан қаласы, Индустриялық паркі, Сороковая стансасы мекенжайы бойынша орналасқан «Сороковая станциясындағы Нұр-Сұлтан қаласының Индустриялық паркінде кірме теміржол құрылысы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Нысанның орналасқан жері: Нұр-Сұлтан қаласы, Индустриялық паркі, Сороковая стансасы.

Қоғамдық тыңдауларды өткізудің басталу орны, күні және уақыты: 26 қаңтар, сағат 10.00, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, А-206 көшесі, 12/1 үй, (офлайн); https://us04web.zoom.us/j/8091678960?pwd=SFNmQUlvT0tRaHlDaVYrN3l5bzJVQT09 (онлайн конференция).

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеуші «Казэкоэксперт» ЖШС болып табылады. Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: aimak-2008@mail.ru; 87787002220. Жоба бойынша құжаттама электрондық түрде орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы: https://www.gov.kz/memleket/entities/nur-sultan-upr//.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/Edit/538

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданатын электрондық пошта мекенжайы және жергілікті атқарушы органның пошта мекенжайы: «Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13, 4-қабат; e-mail: uoosip@astana.kz

№147 (4271) 14/12/2021 Сейсенбі



ЖАҢҒЫРҒАН ЖАУЫҢАР

Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығы аясында Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Астана Балет» театрында белгілі хореограф Василий Медведевтің редакциялауымен Рикардо Дригоның музыкасына жазылған «Раушан гүлі мен көбелектің романы» атты бірегей балеттің әлемдік премьерасы қойылды.

Қазақ ұлттық хореография академиясы Temps lié II кәсіби хореографиялық оқу орындарының халықаралық фестивалін көрнекті балетмейстер Мариус Петипаның «Кішкентай жауһар» аталған спектаклімен ашуының маңызы ерекше. Аталған академияның ректоры Алтынай Асылмұратова әлемдік деңгейдегі балеттің ерекшелігіне тоқтала келіп: «Мариус Петипаның осы соңғы туындысы үлкен театрлар сахнасында қойылмаған, бірақ ол туралы естелік сақталған. Міне, ғасырдан астам уақыт өткен соң көптеген талантты адамның күш-жігерінің арқасында біз осы спектакльді қайта жаңғыртып, көрермен қауымға сыйға тартып отырмыз» деп атап өтті.

Балет либреттосын хореограф Василий Медведев пен Яна Темиз – Иван Всеволожскийдің түпнұсқалық либреттосы негізінде қайта жасаған. Балет хореографиясы іс жүзінде жоғалып кеткендіктен, оны талантты хореограф Василий Медведев елімізде сахналау үшін қайта әзірледі. Оркестр партитурасының авторы, музыкант әрі музыкалық өңдеуші – Дәулет Шәкіров. Қойылымға арналған костюмдерді Император театрларының директоры Иван Всеволожскийдің эскиздері негізінде суретші Наталья Протасова дайындаса, сценография авторы – Жандос Омаров.

Өнерсүйер қауымды қуанышқа бөлеген қойылымға Қазақ ұлттық хореография академиясының ұстаздары мен оқушылары қатысып, ондағы басты партияларды – Камила Шахманова, Хван Амир, Амина Кисембаева, Лимара Айдарова және Алина Зырянова шебер орындады. Қысқасы, эмоциялық әсерге толы тамаша орындау техникасы жас балет әртістеріне сахнада ұмытылмас бейнелер жасауға мүмкіндік берді.

Баян АСЫЛБЕКОВА

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

ҚР Ұлттық музейінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Еуразиялық көркемөнер одағының мүшесі, Қазақстан Суретшілер және Журналистер одағының мүшесі, Өнер академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Жанұзақ Мүсәпірдің «Тәуелсіздік – Тұғырым! Құдіретім – Қылқалам!» атты жеке көрмесінің ашылуы өтті.

Салтанатты жиынға Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, сондай-ақ белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Іс-шара барысында сөз алған Ақтоты Райымқұлова Жанұзақ Мүсәпірді көрменің ашылуымен құттықтап, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын табыстады.

Сонымен қатар министр көрмеге қатысушыларды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен құттықтап, Жанұзақ Мүсәпірге ел мәдениетіне, соның ішінде көркемсурет өнеріне қалтқысыз қызмет еткені үшін алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі. «Бүгін белгілі қылқалам шебері Жанұзақ Мүсәпір өзінің жеке көрмесін көпшілік көрермен назарына ұсынып отыр. Суретші есімі елімізге кеңінен танымал. Сегіз қырлы, бір сырлы өнер шебері ұзақ жылдар журналистика және телевизия саласында жемісті қызмет атқарды. Еліміздің бірнеше телеарнасында режиссер, редактор, продюсер, директор болып, осы саланың қалыптасуы мен дамуына лайықты үлес қосты. Бүгінде «Абай» телеарнасында «Құдіретті қылқалам» бағдарламасын жүргізеді. Сонша жұмыстың сыртында Жанұзақ Керімбекұлы шығармашылық жұмыспен тұрақты, жүйелі айналысып келеді. Жалпы, Жанұзақ Мүсәпір шығармашылығының қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік орны бар» деді Мәдениет және спорт министрі.

Айта кетейік, Жанұзақ Мүсәпір – көптеген топтық және жеке көрмелерге қатысқан. Оның еңбектері жеке коллекцияларда, сол сияқты Қытай, Польша, Германия, Ресей және т.б. елдердің музей қорларында сақтаулы.

15/12
17:00
ЖЫРШЫ, ТЕРМЕШІ ЗАҒИПА ИМАНҒАЗЫНЫҢ «БАБАЛАР САЛҒАН САРА ЖОЛ» АТТЫ ӘН КЕШІ
«Наз» мемлекеттік би театры
БАБАЛАР САЛҒАН САРА ЖОЛ
15.12.2021 17:00
ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған әнші, жыршы-термеші Зағипа Иманғазының ән кеші
Билеттерді TICKETON.KZ сайтынан ала аласыздар!

Крылатая исповедь вольных сердец
музыкально-поэтическая композиция
Сүгір Қырау, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтың, 125 жылдығына арналады
15/12
19:00
«АЗАТ ЖҮРЕКТЕРДІҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ» АТТЫ МУЗЫКАЛЫҚ-ПОЭТИКАЛЫҚ КОМПОЗИЦИЯ
М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры

16/12
15:00
«ШӘМШІ» МЮЗИКЛІ
Музыкалық жас көрермен театры

НЕ? ҚАЙДА ҚАШАН?

16-17-18/12
19:00
«АЛТАЙДАН АУҒАН ЕЛ» СПЕКТАКЛІ
Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры
Халифа Алтай, Хасен Оралтай
Алтайдан ауған ел
Сахналық нұсқасының авторы: Мирас Әбіл
Режиссер: Фархад Молдағали
Сценография: Қанат Мақсұтов
Костюм суретшісі: Алма Сырбаева
Композитор : Олжас Жақыпбек
Лейтмотив авторлары: Алмахан Кенжебекова, Ермұрат Зейіпхан
Хореограф : Шырын Мұстафина
Хормейстер: Ержан Сансызбаев

16/12
19:00
«ЖАС АБАЙ» СПЕКТАКЛІ
Ә. Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры

16/12
14:00, 16:00
«АТАМЕКЕН» ДРАМАСЫ
Қуыршақ театры

16/12
16:00, 19:30
«ШАНШАР» ТЕАТРЫНЫҢ «60+60» ЖАС КЕШІ
«Астана» концерт залы
16 ЖЕЛТОҚСАН
60+60 жас
УӘЛИБЕК ӘБДІРАЙЫМОВ
ЖҮСІП АҚШОРА
КЕШ ҚОНАҚТАРЫ:
ШАНШАР
ШЫМКЕНТ ШОУ

16-17/12
17:00
«ДОН ПАСКУАЛЕ» ДРАМАСЫ
«Астана Опера»

16-17/12
13:00
«АСТАНАЛЫҚ ЦИРК ЕСІГІН АЙҚАРА АШАДЫ»
Астаналық цирк

17-18-19/12
19:00
«ШАНЕЛЬ №5» ДЕРЕКТІ ДРАМАСЫ
Музыкалық жас көрермен театры
Сахналық нұсқасын жасаған және қоюшы-режиссер Асхат МАЕМИРОВ
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, PhD докторы
CHANEL №5
(ДЕРЕКТІ ДРАМА)
17 18 19 20 21 ЖЕЛТОҚСАН

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Ерлан ҚАРАБАЛАЕВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №147

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – **Райхан РАХМЕТОВА**